



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

«ӘР ҚАТЫСУШЫ – ЖЕҢІМПАЗ!»



26–27 ақпан күндері Астана қаласында еліміздегі теңдесі жоқ жоба – Ұлттық инклюзивті «Жұлдызай» ойындарының қысқы кезеңі өтуде. Бғылғы жарыс 136 бала мен жасөспірімді біріктіріп, спорт арқылы шектеуді емес, мүмкіндікті алға шығаруды мақсат етті.

(Жалғасы 3-бетте)

4-БЕТ

Өмір зорлыққа шыдау үшін берілмейді

6-БЕТ

Сақтандыру секторы жаңаша түрленеді

8-БЕТ

Қарбыз дәмі

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

ЖАЛҒАН ХАБАРЛАМА ҮШІН ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖОҒАРЫ

Қазіргі әлемдегі геосаяси жағдай, ақпараттық кеңістіктің кеңеюі және қоғамдағы қауіпсіздік талаптарының артуы терроризмге қарсы күрестің маңыздылығын күшейте түсуде. Терроризмнің нақты актілерінен бөлек, террористік акт туралы жалған хабарламалар да қоғамға үлкен зиян келтіретін қауіпті құқық бұзушылық түріне айналған.

Мұндай жалған ақпарат адамдардың өміріне тікелей қауіп төндірмесе де, қоғамдық тәртіпке, мемлекеттік ұйымдар жұмысына және халықтың психологиялық жай-күйіне елеулі нұқсан келтіреді. Көптеген мемлекеттерде, соның ішінде Қазақстанда бұл әрекет қылмыстық жауаптылыққа әкеледі.

Террористік акт туралы жалған хабарлама – әдейі, шындыққа жанаспайтын мәлімет пен ақпаратты таратумен сипатталатын әрекет. Ол телефон қоңырауы, әлеуметтік желідегі жазба, электрондық пошта, белгісіз түрде хат қалдыру немесе ауызша айту түрінде болуы мүмкін.

Мұндай хабарламалар қоғам үшін бірнеше бағытта қауіпті:

Біріншіден, жалған ақпарат адамдар арасында дүрбелең, қорқыныш және сенімсіздік тудырады. Стратегиялық маңызы бар нысандарда – әуе-жайларда, мектептерде, сауда орталықтарында немесе мемлекеттік мекемелерде мұндай жалған хабарлама – жаппай эвакуация, жұмыстың тоқтауы және адамдардың күйзеліс жағдайына түсуіне әкеледі.

Екіншіден, жалған хабарламалар мемлекеттік ресурстардың тиімсіз жұмсалыуына себеп болады. Полиция, арнайы жасақтар, құтқару қызметі, медицина мамандары оқиға орнына бағытталады. Бұл өз кезегінде қаржылық шығындарға, техникалық ресурстардың орынсыз қолданылуына және арнайы қызметтердің шынайы қауіптерге дер кезінде әрекет етуіне кедергі келтіреді.

Үшіншіден, жалған хабарлама қоғамда терроризм мәселесіне деген сенімсіздікті, ақпараттық



хаосы күшейтеді. Жиі қайталанатын «жалған ақпараттар» азаматтардың қауіпсіздік жүйелеріне деген сенімін төмендетеді.

Қазақстанда терроризм актісі туралы жалған ақпарат тарату қылмыс ретінде танылып, қылмыстық жауапкершілікке әкеледі.

Терроризм туралы жалған хабарлама жасаудың нақты террористік мақсатының болуы шарт емес. Яғни, жарылғыш заттың шын мәнінде болмауы немесе қауіптің жоқтығы кінәлі адамды жауаптылықтан босатпайды.

Жазалардың түрлері қоғамға келтірілетін зиян деңгейіне сай белгіленеді. ҚР Қылмыстық кодексінің 273-бабына сәйкес, терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлағаны үшін бес мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бес жылға дейінгі мерзімде бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

(Жалғасы 6-бетте)

ДЕПУТАТТАР КӨТЕРГЕН МӘСЕЛЕ

Қазір оңтүстікте көктемнің хабаршысы болып саналатын өсімдіктер гүл жара бастады. Оның ішінде қызғалдақтар да бар. Егер әлемде қызғалдақтың 3 мыңдай түрі болса, оның ішінде жабайы түрде өсетін 35-і Қазақстанда кездеседі. Соның 18-і Қазақстанның қызыл кітабына енгізілген. Өкінішке қарай өзге тұрмақ, Қызыл кітаптағы 18 түрдің өзін өлі күнге дейін жатқа айтып бере алатын адамды кезіктіру қиын. Бұл әлемге қызғалдақтың отаны ретінде танылған елдегі жағдай.

ДӘРІЛІК ӨСІМДІКТЕРДІ ЗАҢСЫЗ ЖИНАУШЫЛАРҒА ТОСҚАУЫЛ БОЛМАЙ ТҰР

Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі бас директорының орынбасары Арқау Шантаевтың сөзіне қарағанда, соңғы 30 жылда ұлттық паркке келушілер саны 34,5 есеге артқан. Яғни, 1996 жылғы 27,4 мыңнан 2025 жылы 945,9 мыңға дейін ұлғайған. Олар оны визит-орталықтардың тиімді жұмысы, туристік маршруттар мен сокпақтардың абаттандырылуы, қауіпсіздік жүйесінің енгізілуі және экологиялық ағарту шараларының нәтижесімен байланыстыруда.

Енді 1-2 айдан кейін жылдың өзге маусымдарымен салыстырғанда табиғат аясында демалушылар саны күрт көбейе бастайды. Сол кезде олардың еліміздегі сирек кездесетін өсімдіктермен бетпе-бет келетіні күмәнсіз. Яғни, балабақша, мектеп, колледж, институт, академия, университет қабырғасында жастарды өсімдіктер әлемімен таныстыруға мемлекеттік деңгейде жеткілікті түрде мән берілмегендіктен білместікпен оларды таптап, жұл оқиғалары жер-жерде көрініс тауып жатады.

Сирек кездесетін өсімдіктерге қатысты заңнамаға көз жүгіртер болсақ Қазақстанда: әкімшілік айыппұл (ондаған АЕК); әр гүл үшін жеке есептелетін өтемақы; ірі көлемде – қылмыстық іс; 3-5 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы белгіленген.

Ресейде: 500 000 рубльге дейін айыппұл мен

4 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы белгіленген.

Қытайда: сирек өсімдіктерді заңсыз жинау: ірі айыппұл; 5-10 жылға дейін бас бостандығынан айыру; ұйымдасқан сауда болса – одан да ауыр.

АҚШ-та: жабайы сирек өсімдіктерді қорғау EndangeredSpecies Act арқылы жүзеге асады. Ондағы жаза: 50 000 \$ дейін айыппұл; 1 жылға дейін түрме; коммерциялық мақсатта болса – қатанарак.

Яғни, әр елде жаза көлемі әртүрлі. ҚР Жоғарғы Сотының 2019–2023 жылдарға және 2024 жылдың I жартыжылдығына сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген, сондай-ақ тыйым салынған өсімдіктер немесе жануарлар түрімен, олардың бөліктерімен немесе дериваттарымен заңсыз айналысу туралы қылмыстық істер бойынша сот практикасына жасаған талдауына көз салып көрейік. Бұл кезеңде Қылмыстық кодекстің 339-бабы бойынша үкім шығарумен 796 адамға қатысты 608 қылмыстық іс қаралған. Сотталғандардың 22,5 пайызы бас бостандығынан айырылды. Ал 18 іс оңалтуға жатпайтын негіздер бойынша (ҚК-нің 68-бабының 3-бөлігі), 1 іс оңалту белгілері бойынша тоқтатылды. Сондай-ақ 3 ақтау үкім шығарылды.

(Жалғасы 5-бетте)

ШКІР

СУДЬЯЛАР ОДАҒЫНА - 30 ЖЫЛ

СУДЬЯ ӘДЕБІ – БЕДЕЛДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ АЖЫРАМАС БӨЛІГІ

Неміс философы Альберт Швейцер «Этика – барлық тіршілік иелеріне қатысты шексіз кеңейтілген жауапкершілік» деген екен. Расында әдептілік категориясы айналаға сыйластық танытудың, теңгерімді сақтаудың әліппесі саналады. Міне, сондықтан да халықпен тікелей жұмыс істейтін судьялар мен мемлекеттік қызметшілердің өздерінің әдеп кодексі бар.

Тарих беттерін парактасақ, Қазақстан Республикасының судьялары басшылыққа алған ең алғашқы Әдеп кодексі 1996 жылы қабылданған болатын. Осы жылы республика судьяларының бірінші съезі ұйымдастырылып, негізгі құжат ретінде әдеп кодексі көпшілік талқысына салынғаны есімде. Одан кейін қоғамның қажеттілігін, азаматтардың талабы мен халықаралық үдерістерді ескере отырып судьялардың әдеп кодексі бірнеше жаңғыртудан өтті. Ал 2024 жылдың 4 қазанында қабылданған жаңа Әдеп кодексі – бүгінгі судьяларға әдептілік талаптарын жинақтаған бірегей құжат. Судья әдебі – бұл тек моральдық талап емес, ол сот төрелігін жүзеге асырудың ажырамас бөлігі.

Қазақстан судьяларының ІХ съезінде қабылданған бұл құжатта көптеген жаңашылдықтар көрініс тапқан. Мұнда Конституцияда, «Сот жүйесі және судьялар мәртебесі туралы» Конституциялық заңда және Республиканың басқа да заңнамасында белгіленген, сондай-ақ сот төрелігі мен сот қауымдастығы туралы халықаралық құжаттардың ережелеріне негізделген судьялар үшін міндетті этикалық стандарттар жан-жақты қамтылған.

«Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фараби. Сол айтпақшы Әдеп кодексінде де судьялардың тәрбиесі мен тәліміне, қандай қиын сәтте де өзін ұстау дағдысына зор көңіл бөлінгенін байқау қиын емес. Судьялардың әдебіне қатысты міндеттер мен қағидаларды жинақтаған бұл кодексте сот жүйесіне деген қоғамдық сенімді нығайтудың тетіктері толық дәйектелген. Себебі үшінші билік саналатын сот құрылымының абыройы мен беделі бір күннің, бір адамның еңбегінің нәтижесі емес. Сот саласының беделі – ұжымдық жұмыс. Әрі бедел мысқалдап жиналады. Сондықтан саладағы әрбір судьяның қызметтегі әрекеті мен қоғамдағы бет-бейнесі бүкіл сот саласына деген сенімнің кепілі екенін жадымыздан шығармауымыз керек.

Әдеп кодексіндегі судьяларға қойылатын талап жоғары. Бұл дұрыс та. Себебі сот мемлекеттегі әділдік пен заңдылықтың тірегі. Сондықтан сот төрелігін жүзеге асыру кезінде судья заңның үстемдігін, әділдікті және сот жүйесінің тәуелсіздігін қамтамасыз етуі тиіс. Бұдан бөлек төрелік етуші қызметтік міндеттерін орындау кезінде заңға бағынуы және кез келген сыртқы әсерге, қысымға және заңсыз ықпалға қарсы тұруы тиіс. Судьяның теріс әрекеті біліміне, әдебіне, сауаттылығына қатысты күмән туғызбауы керек. Бұл сот беделін төмендетуге түрткі болатын бірден-бір себеп.

Соған орай әдеп кодексінде судьяның сот отырысы кезіндегі әрекеті жан-жақты көрсетілген. Айталық судья әр процесс барысында тиісті этикетті, сыртқы келбетті және сот залындағы әдепті сақтауы, тәртіпті сақтауы және процеске қатысушылар мен сот қызметкерлеріне құрмет көрсетуі шарт. Сонымен қатар, процеске қатысушылардан, сот қызметкерлерінен және басқа да қатысушылардан дәл осындай мінез-құлықты талап етуге құқылы.

Қазылық қызметтен бөлек судьялардың өзі қызмет етіп отырған сот ұжымында қолайлы атмосфера мен моральдық-психологиялық ахуал қалыптастырып, әріптестері мен сот қызметкерлерінің, тараптардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұқпауы талап етіледі. Сәйкесінше судьялар өздерінің этикалық стандарттары мен кәсіби білімдерін жетілдіруге үнемі мән бергені жөн.

Судья әдебін сақтау – тек заң талабы ғана емес, бұл қоғам алдындағы жоғары жауапкершілік. Әрбір қабылданған шешім, әрбір айтылған сөз сот билігінің абыройына әсер етеді. Сондықтан судья өз әрекеті арқылы сот төрелігінің әділ, ашық әрі қолжетімді екенін дәлелдеуі тиіс.

Сәуле УМИРБУЛАТОВА,
Мағыстау облыстық сотының судьясы

Қазақстанның сот жүйесі 2026 жылы ел дамуының басты драйверінің біріне айналып отыр. Сот-құқық саласындағы реформалар – әділдікке қол жеткізуді жеңілдету, сот тәуелсіздігі мен ашықтығын арттыру және құқықтық процестерді заманауи стандарттарға сәйкестендіру мақсатында жүйелі түрде жүзеге асырылуда. Бұл өзгерістер ел Конституциясының, заңнаманың және халықаралық тәжірибенің талаптарына сай келеді.

СОТ-ҚҰҚЫҚ САЛАСЫНДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚТАР: БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ

2025 жылғы сот жүйесінде ең ірі жаңалықтардың бірі – үш кассациялық соттың құрылғаны. Бұлардың жұмыс істеуі сот процестерін жүйелі түрде қайта қарауға мүмкіндік беріп, Жоғарғы Соттың жүктемесін айтарлықтай жеңілдетті.

Сот реформасының маңызды бағыты жасанды интеллект пен цифрлық құралдарды белсенді түрде енгізуге бағытталған. Жасанды интеллект қазіргі кезде конституциялық және басқа да істерді талдауға көмектесуде, бұл судьялардың шешім қабылдау процесін тездетеді әрі дәлдігін арттырады. Сонымен қатар халыққа өтініштерді қабылдау порталы әзірленуде, оған қолжетімділік жақсарып, азаматтық құқықтарды қорғау практикасында инновациялық тәсілдер пайда болып отыр.

Жалпы, құқық қорғау саласында цифрлық технологияларды енгізу – заманауи әділет жүйесінің маңызды бөлігі. Электрондық сот ісі, «виртуалды сот» жүйесі, автоматты істерді таратудың әдістері мен сот отырыстарын онлайн көрсету мүмкіндігі – әділеттілікке қолжетімділікті арттыруда үлкен рөл атқарады. Бұл тәсілдер азаматтарға сот процесіне сенімділікті күшейтіп, сот төрелігінің объективтілігін қамтамасыз етуге жол ашады. Қазіргі уақытта, әрине,

шешім қабылдау құқығы судьялардың өзіне қалады, бірақ технология сот процесінің сапасын арттыруда айтарлықтай көмек көрсетеді.

Бүгінгі сот реформаларының мақсаты – тәуелсіз, жауапты, қоғам алдында есеп беретін судья институтын қалыптастыру. Бұл бағытта бірнеше маңызды кадам жасалды. Судьялар тәуелсіздігін бекіту және олардың жауапкершілігін арттыру, сот жүйесін қаржыландырудың жаңа моделі енгізілді, судьяларды бағалау мен кадрлық саясатты жетілдіру шараларының нәтижесі айқын. Мұндай өзгерістер соттың қандай жағдайда болмасын заң шеңберінде әрекет етуін және заң алдында әр азаматтың теңдігін қамтамасыз етуді көздейді.

2026 жылғы 15 наурызда жаңа Конституцияны қабылдауға орай республикалық референдум өткізу жоспарланып отыр. Бұл құжат мемлекеттік құрылым, құқықтық тәртіп және азаматтардың құқығы мен міндеттерінің жаңа жүйесін айқындайды. Осы реформа сот билігінің мәртебесін, сот әкімшілігінің рөлін және құқық қорғау органдарының өзара әрекетін жаңа деңгейге шығарады.

Ата Заңның жаңа жобасы – болашаққа бағдарланған прогрессивті құжат. Онда адам және

оның құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің негізгі басымдығы ретінде жария етілді. Конституция жобасында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Заң мен тәртіп» жаппай үстемдік құрған, «Әділетті әрі таза Қазақстанды құру» идеясы халықтың кең қолдауына ие болғанын көруге болады.



Сот жүйесінде жасалып жатқан реформалар нәтижесінде жылдан жылға халық сенімі де жоғарылауда. 2025 жылы шығарылған сот актілерінің 98,8%-ы жоғары сатыдағы соттарда өзгертілмегені соның дәлелі. Бұл сот шешімдерінің заңдылығы мен сапасының жоғары екенін көрсетеді. Сонымен қатар тараптар арасында келісімге келу және татулық рәсімдеріне қол қою кең таралуда. Алдағы кезеңдегі басты міндеттің бірі – сот тәжірибесін біріздендіру және құқықтық стандарттарға сәйкес тұрақты сот практикасын қалыптастыру. Осы жолда кешенді жұмыстар атқарыла берсін.

Айнагул УСЕРБАЕВА,
Бейнеу аудандық сотының төрағасы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

ЦИФРЛАНДЫРУ

ЖАСТАР ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ ПАЙДАСЫ МЕН ЗИЯНЫН АЖЫРАТА БІЛГЕНІ ЖӨН


Заман қажеттілігіне сай жоспар түзіп, бағдарын зайқындаған елдің болашағы жарқын. Мысалы 2026 жылды Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жариялады. Себебі, әлем қазір сандық технологияны меңгеруге, барлық салаға жасанды интеллект жетістіктерін енгізуге барын салып жатыр. Цифрлық үдеріс көз келген қызметті жеңілдетуге, адами факторды азайтуға көмектеседі.

Қазір еліміздегі барлық салада жаңа технология жетістіктерін тиімді қолдану, жасанды интеллект тетіктерін меңгеру бойынша жан-жақты ізденістер қолға алынуда. Сондай мақсатты жұмыстардың арқасында бүгінде мемлекеттік қызметтің 92 пайыздан астамы азаматтарға онлайн форматта ұсынылады. Бұдан бөлек былтыр еліміздегі қолма-қол ақшасыз төлемнің үлесі 85 пайыздан асты. Осының өзі сандық технология, жасанды интеллектті қолдану жылдамдығының өте тез, қарқыны аса жоғары екенін көрсетеді. Бұл жетістікпен тоқтап қалмай, оң өзгерістерге жаңа көзқараспен қарау қажет.

Шындығында елдің цифрлық әлеуетін көтермей, жаһандық бәсекеге төтеп беру мүмкін емес. Жасанды интеллект пен цифрлық жүйе осы дамудың қозғаушы күшіне айналып отыр. Осы ретте Мемлекет басшысының білім беру саласындағы жасанды интеллект, оның мүмкіндіктері және

сын-қатерлері туралы айтқан сөзі негізгі ұстанымға айналғаны абзал. «Көптеген жетекші елдер жасанды интеллектті XXI ғасырдың стратегиялық ресурсы ретінде мойындады және оны дамытуға қомақты қаржы бөліп отыр. Мысалы, Қытай «ЖИ+» (AI+) атты мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруда. Оның аясында жасанды интеллект технологиясын экономикаға, ғылымға және әлеуметтік салаға кешенді түрде интеграциялау көзделген. Жаһандағы технологиялық бәсекеңіз негізгі факторы – жасанды интеллект. Қазақстан бұл үдерістен тыс қала алмайды», – деді Президент.

Біз қазір жасанды интеллектті меңгерген жаңа заман заңгерлерін дайындауға күш салып жатырмыз. Дегенмен, бұл жерде мына мәселеге көңіл бөлген дұрыс. Ең алдымен, жаңа технологияны жетік меңгеруді мақсат тұтқан жастар өз болмысымыздан алыстап кетпеуі керек. Төл мәдениетімізді, құндылықтарымызды жетік біліп,



цифрландыру үдерістерін меңгерген жас заңгерлердің келешегі зор. Жастар заманауи үрдістердің пайдасы мен зиянын ажырата білуге қабілетті болғаны жөн. Сонымен бірге, жасанды интеллектті бірінші орынға қойып, ұлт дүниетанымына жат нәрселердің білім жүйесіне енуіне жол бермегеніміз абзал. Жасанды интеллект елдің тарихын жоюға, болмысынан ажыратуға емес, ел мүддесіне қызмет еткені дұрыс.

Қанат ҚОЖАБЕК,
әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ-дың PhD докторы

АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары заңгер мамандарын дайындайтын оқу орындары өте көп еді. Жастардың құқық қорғаушы, прокурор, адвокат, судья болуға қызығатынын байқаған білім ошақтарының барлығы оқыту базасының төмендігіне, материалдық-техникалық мүмкіндігінің талапқа сай еместігіне қарамастан заң факультеттерін ашуды үрдіске айналдырды. Соның нәтижесінде заң колледждері де көбейді. Заң факультеттерінің де саны еселеп артты.

ЗАҢҒЕР БОЛУ – ӘДІЛЕТ ЖОЛЫН ТАҢДАУ

Осындай жағдайдың қалыптасқанын байқаған азаматтар «Заңгерлерді дайындайтын білім ордаларының сапасы қандай? Біздің қоғамға сонша заңгер керек пе?» деген сауалдарды жиі талқыға шығаратын еді. Әрине, заңды кәсіби тұрғыдан оқып, мамандықты меңгерудің жақсы жағы баршылық. Бұл құқық, заң саласында лайықты бәсеке қалыптастырып, салаға тек таңдаулылардың іріктелуіне жол ашады. Сонымен қатар, құқықтық сауаты жоғары жастардың көбеюі құқықтық мемлекеттің іргетасын нығайтып, елдегі заңсыздықтардың алдын алады. Себебі, сауатты жанның құқықтық тұрғыдан зардап шекпейтіні түсінікті.

Дегенмен, уақыт бәрін өз орнына қойды. Нарықтық заманның талаптарына, жоғары бәсекелестікке төтеп бере алмаған білім ордаларының көпшілігі бүгінде жоқ. Ал қазір заңгерлерді дайындаудың жоғары стандарттарын меңгерген, білім беру ресурсы жоғары білім ордалары ғана нарықта қалып отыр.

Осындай іргелі оқу орындарының басында әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті тұр. ҚазҰУ-дың заң факультеті жетпіс жылдан бері елімізді сауатты заңгерлермен қамтамасыз етіп келеді. Заң саласының мамандарын дайындайтын білім ордалары ҚазҰУ-дың білім бағдарламаларын басты бағдар етіп, көшбасшы университеттің тәжірибесіне жүгінеді. Ұлттық университеттің мықты ғалымдары жазған зерттеулер мен оқулықтар барлық білім

ордаларының көмекші құралына, оқу нысанына айналған. Ал ҚазҰУ-дың заң факультетін бітірген түлектердің барлығы егемен елдің еңсесін тіктеуге өлшеусіз үлес қосып жүр. Еліміздің басты құқықтық құжаттарын дайындауда да біздің ғалымдардың ақыл-кеңесіне жиі жүгінеді. Сондай-ақ Президент әкімшілігінен бастап, Үкімет, Парламент, әкімдік пен сот, прокуратура, полиция құрылымында, әділет пен үкіметтік емес ұйымдарда да бел шешіп, елді соңынан ертіп отырған білікті мамандардың көпшілігі ҚазҰУ-дың заң факультетінің түлектері екенін мақтанышпен айтуға болады.

Кәсіби тұрғыдан шыңдалған, талапты түлектерді дайындау ісі енді де үзіліп қалмайды. Соған орай жақында әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде заң факультетінің кедең, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының ұйымдастыруымен «Заңгер болу – әділет жолын таңдау» атты ашық есік күні өтті. Іс-шара аясында мектеп оқушылары факультеттің білім беру мүмкіндіктерімен және университеттің ғылыми инфрақұрылымымен танысты. Өзара диалог форматында өткен жиын соңында жастар өздерін қызықтырған сауалдарға толық жауап алды.

Гүлдана ҚУАНАЛИЕВА,
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессоры
Меруерт АБИШЕВА,
оқытушы

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

«ӘР ҚАТЫСУШЫ – ЖЕҢІМПАЗ!»



(Соңы. Басы 1-бетте)

«Жұлдызай» ойындары Қазақстанда оныншы жыл қатарынан ұйымдас-тырылып келеді. Осы уақыт ішінде

жоба ерекше білім беру қажеттілігі бар мыңдаған баланың спортқа келуіне жол ашты. Бұған дейін қатысушылар үстел теннисі, жеңіл атлетика, шағын футбол, шоудаун, сондай-ақ

ұлтық ойындар – бес тас, асық ату және тоғызқұмалақ бойынша бақ сынап келсе, биыл қысқы спорт түрлеріне басымдық берілді.

Ұйымдастырушылардың айтуын-

ша, қысқы кезеңнің басты мақсаты – балалар мен жасөспірімдердің шаңғы спортына, коньки тебуге және парахоккейге деген қызығушылығын арттыру, сондай-ақ елде парашаңғы спортын дамытуға серпін беру.

Биылғы жарысқа 10-16 жас аралығындағы жас спортшылар қатысуда. Олар шаңғы жарысы, конькимен жүгіру, парахоккей бойынша сынға түседі. Сайыстар Орталық саябақ аумағындағы шаңғы-роллер трассасында және Тарлан мұз сарайында өтуде. Заманауи инфрақұрылым мен кәсіби төрешілік жас спортшылардың шеберлігін толық көрсетуіне мүмкіндік береді.

Жоба серіктестері қатарында VI Group құрылыс холдингі, ҚР Ұлттық паралимпиада комитеті, ҚР Туризм және спорт министрлігі, өңірлік әкімдіктер мен Астана қаласының әкімдігі бар. Qazsport телеар-

насы, Ski Club Astana, FlyArystan және BabyBoom да жобаға қолдау білдірді. Бұл – инклюзивті спортты дамытуда мемлекет, бизнес және азаматтық қоғам арасындағы тиімді әріптестіктің нақты көрінісі.

Қазақстанда ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды қолдау соңғы жылдары мемлекеттік саясаттың маңызды бағытына айналды. Сарапшылардың пікірінше, спорт – мұндай балалардың әлеуметтенуіне, өзін-өзі бағалауына және қоғаммен байланысын нығайтуына ықпал ететін ең тиімді құралдардың бірі.

Инклюзивті жарыстар тек спорттық нәтиже емес, психологиялық серпіліс береді. Бала өзін қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезінеді, ал ата-ана үшін бұл – үміт пен сенім.

А.ТҮРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»



15 НАУРЫЗ МАРТА

РЕФЕРЕНДУМ

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды! Важен голос каждого из нас!

ELECTION.GOV.KZ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМҒА ҚАТЫСУ ҚҰҚЫҒЫ БАР АЗАМАТТАР ТІЗІМІН ҚАЛАЙ ТЕКСЕРУГЕ БОЛАДЫ?

2026 жылғы 15 наурызға тағайындалған республикалық референдумда дауыс беру күніне 18 жасқа толған Қазақстан Республикасы азаматының қатысуға құқығы бар.

Тізімдерді әкімдіктер нақты дауыс беру учаскесінің аумағындағы тұрғылықты мекенжайыңыз бойынша Сіздің тұрақты тіркелуіңіздің негізінде жасайды. Егер тұрақты тіркелуіңіз болмаса, Сіз референдум тағайындалған сәттен бастап, тиісті жергілікті атқарушы органда дауыс беруші ретінде тіркеле аласыз. Дауыс беру учаскелері тиісті әкімдердің шешімдерімен құрылады және олардың шекаралары бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

2026 жылғы 27 ақпаннан бастап Сізге өз учаскеңізде республикалық референдумға қатысуға құқылы азаматтардың тізімінен өзіңіз туралы деректерді тексеру мүмкіндігі берілетін болады.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы

САРАП

ӨМІР ЗОРЛЫҚҚА ШЫДАУ ҮШІН БЕРІЛМЕЙДІ

Жыл сайын Қазақстанда әйелдер мен балаларға қатысты өлімжәттік және тұрмыстық зорлық-зомбылық саны өсіп барады. Онымен күресу бағытында іске асырылып жатқан іс-шараның көптігіне, жазаның қатаңдатылғанына қарамастан зорлық-зомбылық азаймай отыр.



Соңғы бір-екі аптаның ішінде-ақ еліміздің әр өңірінде жас балаларға қатысты жаға ұстатар сұмдық жайттарды көз көріп, құлақ естіп жатқанымыз өкінішті. Жалпы, отбасылық зорлық-зомбылық әлемнің әрбір елінде кездеседі. Әрине, зорлық-зомбылық үшін жаза жоқ емес. Мысалы, отбасындағы жанжал мен зорлық үшін Қытай, Бруней, Иран елдерінде өлім жазасы қарастырылса, Франция, Германия, Ұлыбритания сияқты Еуропа елдері мен Үндістанда бас бостандығынан айыру жазасы 5 жылдан бастап, өмір бойына дейін созылуы мүмкін.

Біздің заманауи, дамыған қоғамда тұратынымызға қарамастан, отбасылардағы тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайы өте жиі кездеседі. Көбінесе адамдар бұл туралы ашық айтпайды. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 10-тармағында жеке бастың құқықтарына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар қарастырылған.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін кінәлі тұлғалар 73-баппен жауапкершілікке тартылады. Мысалы, құқық бұзушы отбасы-тұрмыстық қатынастардағы адамдарға сыйламаушылық көрсетіп, былапыт сөйлеп, қорлап тиісу, кемсіту, үй тұрмысындағы заттарды бүлдіру сияқты әрекеттерді жасаса, әкімшілік қамаққа алынуы мүмкін. Құқық бұзушыға әкімшілік шара немесе балаға қатысты болса, ата-ана құқықтарын шектеу немесе айыру жазалары қолданылады. Ал жәбірленген тұлғаларға мамандандырылған дағдарыс орталықтарында көмек көрсетілуі мүмкін. Мамандандырылған дағдарыс орталықтары тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен тұлғаларға көмек көрсетеді, консультативті-психологиялық және заңгерлік көмекті тегін ұсынып, қажет болған жағдайда жәбірленушілерді медициналық мекемелерге жібереді, уақытша баспана береді. Осы ретте тұрмыстық зорлық-зомбылық

күрбандарына зиян келтірсе, айыппұл салынуы мүмкін немесе әкімшілік қамаққа алынуы мүмкін. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың – күш көрсету, психологиялық, сексуалдық және экономикалық зорлық-зомбылық деген түрлері болады. Сот істі қараған кезде де осы жағдайлар ескеріледі.

Мысалы, күш көрсету зорлық-зомбылығы – дене күшін қолданып жасалса, психологиялық зорлық-зомбылық – адамның психикасына қасақана әсер ету, оны қорқыту, қорлау, бопсалау немесе өміріне, денсаулығына қауіп төндіретін әрекеттер жасау. Ар-намысы мен абыройын кемсіту де психологиялық зорлық-зомбылық. Әрине, сексуалдық зорлық-зомбылық – адамның жыныстық еркіндігіне қауіп төндіретін құқыққа қарсы қасақана іс-әрекет. Ал, экономикалық зорлық-зомбылық – адамды заңмен көзделген құқығы бар тұрғын үйінен, тамағынан, киімінен, мүлкінен, қаражатынан қасақана айыру.

Зорлық-зомбылықтың ең жиі кездесетін түрі – физикалық зомбылық. Азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғайтын заңдар мен тиісті органдар, тұлғалар бар. Сондықтан әрбір адам бұл туралы білуі керек. Өмір шыдау үшін, көну үшін берілген жоқ. Әр адамда бір ғана өмір бар. Оны қалай сүресіз – ол сіздің қолыңызда. Сондықтан зорлық-зомбылыққа ұшырасаңыз немесе айналаңыздан байқасаңыз, үнсіз қалмаңыз. Себебі, оның арты қандай жағдайларға алып келетінін ойлаудың өзі қорқынышты. Бірден ішкі істер органдарына жүгіну қажет. Әкімшілік жауапкершіліктің өзі отбасын сақтап қалуға, адамды түзеуге, ес жиюға септігін тигізетіні анық.

Д.УТЕБАЛИЕВ,
Маңғыстау аудандық сотының төрағасы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

СУДЬЯ ӘДЕБИ

Сот билігі – құқықтық мемлекеттің негізгі тіректерінің бірі. Қоғамның сот жүйесіне деген сенімі ең алдымен судьяның кәсіби біліктілігіне ғана емес, оның әдеби мен мінез-құлқына, сондай-ақ мемлекеттік тілді меңгеру деңгейіне тікелей байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, судья әдеби мен мемлекеттік тіл мәдениеті өзара тығыз байланыстағы, бірін-бірі толықтыратын ұғымдар.

Судья әдеби – бұл судьяның қызметтік және қызметтен тыс уақыттағы жүріс-тұрысын, сөйлеу мәдениетін, тараптармен қарым-қатынасын айқындайтын моральдық-этикалық қағидаттар жиынтығы.

Судья әрдайым бейтараптықты, сабырлылықты, әділдікті және сыйластықты сақтауға міндетті. Әсіресе сот процесі барысында қолданылатын сөз әдеби, ойдағы нақты әрі түсінікті жеткізу, тараптардың құқықтары мен ар-намысына құрметпен қарау – судья әдебиінің маңызды көрінісі. Мемлекеттік тіл – сот ісін жүргізудің негізгі тілі әра-

МОРАЛЬДЫҚ-ЭТИКАЛЫҚ ҚАФИДАТТАР ЖИЫНТЫҒЫ

маттардың сотқа қолжетімділігін қамтамасыз етудің басты құралдарының бірі. Қазақстан Республикасының Конституциясына және қолданыстағы заңнамаға сәйкес, мемлекеттік тіл – қазақ тілі сот төрелігін жүзеге асыруда басымдыққа ие. Судьяның мемлекеттік тілді еркін меңгеруі сот отырыстарының сапалы өтуіне, сот актілерінің түсінікті әрі сауатты жазылуына, сондай-ақ азаматтардың сотқа деген сенімін арттыруға ықпал етеді.

Мемлекеттік тіл мәдениеті судья әдебиінің ажырамас бөлігі. Тіл мәдениеті дегеніміз – сөзді орынды қолдану, құқықтық терминологияны дұрыс пайдалану, ресми стиль талаптарын сақтау, артық эмоция мен тұрпайы сөздерге жол бермеу. Сонымен қатар, мемлекеттік тілдің сотта кеңінен қолданылуы азаматтардың өз құқықтарын ана тілінде қорғауына мүмкіндік береді.

Судья әдеби мен мемлекеттік тіл



мәдениеті – сот төрелігінің сапасын айқындайтын негізгі көрсеткіштердің бірі. Судьяның жоғары моральдық бейнесі, кәсіби сөйлеу мәдениеті және мемлекеттік тілді құрметтеуі құқықтық мемлекет қағидаттарын нығайтып, қоғамның сот жүйесіне деген сенімін арттырады. Сондықтан судья әдеби мен мемлекеттік тіл мәдениетін дамыту – уақыт талабынан туындайтын маңызды міндет.

Нұржамал ЕРНИЗОВА,
Шалқар аудандық соты
әкімшісінің басшысы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

ЗАҢҒА БАҒЫНУ – МӘДЕНИЕТ КӨРСЕТКІШІ

Зандылық пен тәртіп кез келген мемлекеттің тұрақты дамуының негізі, мемлекеттік институттардың тиімді жұмыс істеуі мемлекеттік органдардың да, азаматтық қоғамның да заң нормаларын қатаң сақтауымен ғана мүмкін болады. Бұл құқықтық мемлекетті нығайтуға, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтуға және халықтың мемлекеттік институттарға деген сенімін арттыруға ұмтылысты көрсетеді. «Заң және тәртіп» қағидаты заңнаманың орындалуына мемлекеттік бақылауды күшейтуге, мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығын арттыруға және іс жүзінде әділеттілікті қамтамасыз етуге бағытталған. «Заң және тәртіп» қағидасына басты назар аудару мемлекеттің қауіпсіздік саясатын, оның ішінде құқық қорғау органдарын, құқықтық тәртіпті және оның тетіктерін дамытуды жалғастыратынын білдіреді.

Қоғамның тыныштығы мен дамуы ең алдымен заң мен тәртіпке байланысты. Заң – мемлекеттің қабылдаған, барлық азамат орындауға міндетті ережелер жүйесі. Ал тәртіп – сол заңдардың бұлжытпай орындалуы және әрбір адамның мінез-құлқының қоғам талабына сай болуы.

Заң мен тәртіп бар жерде әділдік, бейбіт өмір мен қауіпсіздік орнайды. Заң бұзылған және тәртіп сақталмаған жағдайда анархия мен хаос пайда болады.

Заңға бағыну – бұл тек қорқыныштан емес, азаматтық сана мен мәдениеттің көрінісі. Әр адам заңды өз еркімен түсініп орындағанда ғана шын мәнінде құқықтық мемлекет құрылады. Бүгінгі таңда Қазақстан «Құқықтық мемлекет» ұстанымын басшылыққа алып келеді. Бұл ұстаным билік пен халықтың заң алдында теңдігін білдіреді.

Тәртіп-күнделікті өмірдің барлық саласында қажет. Оқушы мектепте тәртіп сақтамаса, білім сапасы төмендейді; қызметкер жұмыста тәртіпсіз болса, өндіріс те, ұжым да зардап шегеді. Сол сияқты, көлік жүргізушісі қол ережесін бұзса, өз өмірін ғана емес, өзгелердің өмірін де қатерге тігеді. Демек, тәртіп – қауіпсіз өмірдің басты шарты.

Айгүл ТУРАЛИЕВА,
Ақжайық аудандық соты әкімшісінің
жетекші маманы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ОТБАСЫ ИНСТИТУТЫ

Тұрмыстық зорлық-зомбылық – бір отбасының ғана емес, тұтас қоғамның дерті. Бұл заң мен тәртіптің әлсіреуіне, отбасы құндылығының құлдырауына алып келетін көлеңсіз жағдай. Барған сайын белең алып келе жатқан бұл көлеңсіздікпен күресу – бүгінгі күннің басты талабы.

ҮНСІЗДІК ӘЛІМЖЕТТІКТІ КҮШЕЙТЕДІ

Тұрмыстық зорлық-зомбылық көбіне жабық кеңістікте, көзден таса жағдайда болады. Сондықтан да ол ұзақ уақыт бойы «отбасылық кикілжің», «тұрмыстық түсініспеушілік» ретінде қабылданып келді. Алайда мәселенің мәніне үңілсек, бұл – адам құқығын өрескел бұзу, жеке тұлғаның ар-намысы мен қауіпсіздігіне төнген нақты қатер.

Зорлық-зомбылық тек дене күшін қолданумен шектелмейді. Психологиялық қысым, қорқыту, балағаттау, экономикалық тәуелді ету сияқты әрекеттер де оның ауыр түрлеріне жатады. Мұндай жағдайлар әсіресе әйелдер мен балалардың тағдырына кері әсерін тигізгіп отыр.

Аталмыш мәселеге Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев назар аударып отыр.

«Отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу жұмысының тиімділігін арттыруға ерекше назар аудару керек. Статистика көңіл көншітпейді. Жағдайды түзеу үшін алдын алу шараларын кешенді түрде жүргізу қажет. Бұл жерде учаскелік инспекторлар шешуші рөл атқарады. Уақытылы шаралар қабылдана, отбасылық және тұрмыстық ұрыс-керіс кезінде жасалған қылмыстардың көпшілігінің алдын алуға болар еді. Яғни, біреудің өмірі мен денсаулығын сақтап қалу едік. Мұны тәжірибе көрсетті. Қоғам сіздерден отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы тиімді әрі жүйелі іс-әрекет күтеді», – деді Президент өз сөзінде.

Яғни бұл оспадарлықпен бүкіл қоғам болып күресуге тиіспіз. Халқымызда «Отан – отбасынан басталады» деген қарапайым да құнды нақыл сөз бар. Демек, тұрмыстағы зорлық-зомбылықты жою, әр шаңырақтың тыныштығы үшін күресу келешегі келмел мемлекеттің қалыптасуына жол ашу деген сөз.

Қоғамдағы заң мен тәртіптің басты мақсаты – азаматтардың құқығын қорғау және қауіпсіздігін сақтау. Соңғы жылдары тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы заңнаманың күшеюі – осы бағыттағы маңызды қадам. Бұл мемлекеттің мәселені ашық мойындап, нақты шаралар қабылдай бастағанын көрсетеді.

Дегенмен, заңның қағаз жүзінде қалмай, нақты өмірде жұмыс істеуі аса маңызды. Құқық қорғау органдарының жедел әрекеті, сот жүйесінің әділ шешімі, дағдарыс орталықтарының қолжетімділігі – жәбірленушілер үшін сенім мен үміттің тірегі. Сонымен қатар азаматтардың құқықтық

сауаттылығын арттыру – зорлық-зомбылықтың алдын алуға шешуші рөл атқарады.

ІМ мәліметінше, кейінгі үш жылда тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері бойынша өтініштер саны 35%-ға азайған. Бұл ретте 2025 жылы алдыңғы жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 20%-ға төмендеу байқалған. Отбасылық-тұрмыстық қылмыстар саны 34,9%-ға қысқарған.

Иә, статистикада оң динамика байқалады. Бұл мемлекет тарапынан дер кезінде қабылданған нақты шаралардың нәтижесі болса керек.

Қоғамда әлі де «үй ішіндегі жағдайға сырт көз араласпауы керек» деген көзқарас бар. Бұл – зорлық-зомбылықтың тамыр жаюына жол ашатын қауіпті ұстаным. Үнсіздік – зорлықты күшейтеді.

Зорлық-зомбылыққа куә бола тұра бей-жай қалу – оған жанама түрде келісу деген сөз. Сондықтан әрбір азамат мұндай жағдайларға төзбей, заң аясында әрекет етуі тиіс. Бұл – қоғам алдындағы жауапкершілік.

Отбасы – адамның алғашқы өмір мектебі. Баланың мінезі, көзқарасы, болашақтағы қоғаммен қарым-қатынасы ең алдымен отбасында қалыптасады. Егер отбасында сыйластық пен түсіністік үстем болса, ол бала ерте заң мен тәртіпті құрметтейтін азамат болып өседі.

Ал керісінше, зорлық-зомбылық орын алған ортада өскен бала агрессивияны қалыпты жағдай ретінде қабылдауы мүмкін. Бұл – зорлықтың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасу қаупін арттырады. Сондықтан отбасы құндылығын нығайту – тек жеке мәселе емес, ұлттық маңызы бар міндет.

Зорлық-зомбылыққа қарсы мәдениет қалыптастыру, отбасылық құндылықты насихаттау, жастарға жауапкершілікті қарым-қатынастың мәнін түсіндіру – қоғамның болашағына салынған инвестиция.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық – заң мен тәртіпке, отбасы құндылығына тікелей қауіп төндіретін күрделі мәселе. Онымен күресу – тек мемлекеттің емес, әрбір азаматтың ортақ міндеті. Үнсіз қалмай, әділеттілікті қолдап, адамдық ұстанымды биік қойған қоғам ғана қауіпсіз әрі тұрақты бола алады. Отбасы – қорқыныш емес, қорған болатын ортаға айналғанда ғана ел тұғыры нық болмақ.

А.САДУАҚАСОВА,
Жарма аудандық сотының
судьясы
АБАЙ ОБЛЫСЫ

ОҢ ҚАДАМ

АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ЗАМАНАУИ ЖЕҢІЛДІКТЕР

Құқықтық жүйені цифрландыру – қазіргі заманның басты бағыттарының бірі. Бұл бағытта сот ісіндегі электронды арыз беру – азаматтарға өз құқықтарын тиімді әрі жылдам қорғауға мүмкіндік беретін маңызды құралға айналып отыр.

Электронды арыз берудің артықшылығы көп.

Уақыт үнемдеу: құжаттарды қағаз күйінде дайындау мен тасымалдаудың қажеті жоқ. Барлық процесті онлайн режимде орындауға болады.

Қолжетімділік: қала немесе шалғай аймақта тұратын азаматтар үшін сотқа бармай-ақ арыз беру мүмкіндігі туындайды.

Тіркеу мен бақылау: электронды жүйе арыздың түскенін дәлелдейді және оның қаралу барысын бақылауға мүмкіндік береді.

Ыңғайлы интерфейс: электронды портал арқылы арызды толтыру, қоса тіркелетін материалдарды жүктеу, арыздың күйін көру сияқты функциялар қарастырылған.

Қазіргі таңда көптеген азаматтар мен заңгерлер электронды арыз берудің артықшылықтарын пайдаланып жүр. Бұл судьялар мен сот аппараттарына да процесті тиімді басқаруға, өтініштерді жүйелі өңдеуге жағдай жасайды. Құқықтық көмек мамандары да электронды арыздың қарастырылуы жеңіл әрі түсінікті екенін айтады.

Болашақта бұл жүйе одан әрі дамып, сот қызметтерінің барлық бағытында сапалы қызмет көрсетуге жағдай жасайды.

А.АЛТЫНБАЕВ,
Жалағаш аудандық сот
әкімшісінің басшысы
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

ДЕПУТАТТАР КӨТЕРГЕН МӘСЕЛЕ

ДӘРІЛІК ӨСІМДІКТЕРДІ ЗАҢСЫЗ ЖИНАУШЫЛАРҒА ТОСҚАУЫЛ БОЛМАЙ ТҰР

(Соңы. Басы 1-бетте)

Өсімдіктерге қатысты жазаны жеңіл не ауыр деуге бізде еш негіз жоқ. Жер көлемі жағынан әлемде тоғызыншы орын алатын Қазақстан өсімдіктер дүниесі бойынша да ең бай елдер қатарында. Республикада ғылыми тұрғыдан дәлелденген өсімдік түрлерінің санының өзі 13 мыңнан асады. Оның 5,5 мыңы жоғары сатыдағы өсімдіктер болса, 5 мыңға жуығы саңырауқұлақ, 2 мыңнан астамы балдыр және мыңға жуығы қына мен мүк. Жоғары сатыдағы өсімдіктердің 14 пайызы өзге жерде кездеспейтін эндемиктер. Сондай-ақ 1406 дәрілік өсімдіктің 65-і Қызыл кітапқа енгізілген. Оларды жинауға тыйым салынғанына қарамастан жыл сайын құзырлы органдар жүздеген істі тіркеуде. Ұсталғандардың көпшілігі айыппұлмен құтылып, ілуде біреуінің үстінен қылмыстық іс бойынша жаза кесіледі. Мәселен, тұрғындар ең тығыз орналасқан Түркістан облысында қызылмияны қазуға 5 жыл, ал кеурекке 8 жылға тыйым салынған болатын. Олардың заңсыз айналымына тосқауыл қою мақсатында Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы жанынан құрылған жұмыс тобы 2025 жылдың ортасында Арыс қаласы мен Отырар, Шардара, Сарыағаш және Келес аудандарының аумағындағы рейдте кеурек өсімдігін заңсыз қазып жүрген 70 шақты шетелдікті анықтады. Атап айтқанда Арыс қаласы аумағындағы Ақдала ауылдық округіндегі уақытша қойылған 4 тұрғынжайдан 8 Өзбекстан, 15 Тәжікстан азаматы, ал Отырар ауданының Қарақоныр ауылдық округіндегі 4 уақытша тұрғынжайдан Тәжікстанның – 6, Өзбекстанның 39 азаматы ұсталып, полиция бөліміне жеткізілді. Ал жыл соңына қарай таулы аумақта жойылу қаупі жоғары қызылтамыр өсімдігін қазып, заңсыз жинаған Төлеби ауданының алты тұрғыны ұсталды. Тінту кезінде олардан салмағы 100 келіден асатын 3 мыңнан астам қызылтамыр тәркіленді. Шетелдіктердің 23-і жергілікті сот шешімімен елден шығарылып, қалған 45-інің үстінен сотқа дейінгі тергеу амалы жүргізіліп жатқаны БАҚ-та жарияланды.

Жаз шығысымен дорбасын арқалап, қар түскенше тау-тасты жағалап, дала



кезіп кететін табиғат қаскөйлерінің ондағы малшы, орман күзетшілерімен табақтас болып алғаны ешкімге күпия емес. Сондықтан өсімдіктерді заңсыз жинап жүргендер ұсталды десе, жұртшылық айран ішкен құтылып, ыдысын жалағандар тұтылған шығар дейтін болды. Өйткені әрбір аудан, облыстың дәрілік өсімдіктерді заңсыз жинап, оны саудаға шығаратын өз брокерлері бар. «Сенгенінен, сүйенгенің күшті болсын» дегендей, оларды қолдап, қорғап отырғандар түрлі деңгейдегі билік органдарында отырған соң бұл топтың қылмысын әшкерелеу оңайға соқпайды. Оны Парламент төрінде дәрілік өсімдіктерді заңсыз жинау мәселесі бойынша депутаттардың жыл сайын Үкімет басшысының атына жолдап жатқан сауалдарынан да байқауға болады.

Мәселен, қаңтар айында «Өсімдіктер дүниесін қорғау – еліміздің экологиялық қауіпсіздігі мен табиғи тепе-теңдігін қамтамасыз ететін стратегиялық маңызды бағыт. Флора оттегі өндіру, топырақты эрозиядан сақтау, климаттық тепе-теңдікті қолдау, су режимін реттеу сияқты экожүйелік қызметтер атқарады. Сонымен қатар ол ауыл шаруашылығы, фармацевтика, медицина мен халықтың денсаулығы үшін аса құнды ресурс», – деген бір топ сенатор Үкімет басшысы Олжас Бектеновке сирек және дәрілік өсімдіктердің заңсыз жиналуын бақылауды күшейтуге қатысты депутаттық сауал жолдады.

Оларға Олжас Абайұлы көп күтірмей өз жауабын берді. «Өсімдіктер

малдау, әкелу, әкету және сақтау үшін әкімшілік жауапкершілік белгіленген. Аталған құқық бұзушылықтарды қайта жасау күшейтілген әкімшілік жауаптылыққа әкеп соғады. Осылайша, қолданыстағы шаралар заңнамаға қосымша өзгерістер енгізбестен анықталған бұзушылықтарға тиімді ден қоюға мүмкіндік береді», – деген Үкімет басшысының сөзіне сенаторлар да қанағаттанған сияқты.

Премьер-Министрдің сөзіне қарағанда, қазіргі уақытта өсімдіктер әлемі мен орман ресурстарын түгендеу, сақтау және мониторингілеу жөніндегі жұмыстарды ғылыми сүйемелдеуді Ботаника және фитоинтродукция институты және А.Н. Бөкейхан атындағы Қазақ орман шаруашылығы және агро-орман мелиорациясы ғылыми-зерттеу институты жүзеге асырады. Аталған ұйымдар мемлекеттік тапсырыс шеңберінде бейіндік зерттеулерді орындайды. Ғылыми деректер базасы қалыптастырылып, үнемі өзектендіріліп тұрады. Сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген флора, фауна түрлерінің тізбесі жаңартылды, дәрілік өсімдіктер туралы мәліметтер жүйеленді.

«Ақпаратты шоғырландыру мақсатында жабайы флораның ұлттық цифрлық деректер банкі жұмыс істейді. Бұдан басқа, жердің тозу дәреже-

бұрын белгілі болған өсімдіктер мен өзге жан-жануарлар түрінің толығып жатқаны туралы жаңалық есту мүмкін болмай отыр.

Біреулер барының өзін табиғат қаскөйлерінен сақтап, қорғай алмай отырғанда жаңа түрлерді іздеп табуға ғалымдарды тарту, олардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын қаржыландыру туралы айтуға әлі ерте деуі мүмкін. Алайда бұл жұмыс бүгін қолға алынбаса, ертең кеш болуы мүмкін екенін де ұмытуға болмайды. Өйткені еліміздегі 5,5 мың жоғары сатылы өсімдіктің тек 1406-сы ғана дәрілік өсімдік деп танылған. Сондықтан 2022 жылғы деректер бойынша жойылу қаупіне жақын 400-ге жуық сирек өсімдік түрінің қатары алдағы онжылдықта толықпаса, азаятынына ешкім кепілдік бере алмайды.

Мәселен, Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің ғылыми бөлім басшысы Салтанат Амантайқызының сөзіне қарағанда, онда 2020–2022 жылдары флораны түгендеу деген ғылыми тақырып бойынша жұмыс жасалған. Алайда жаңа түрлер туралы мәлімет жоқ. Келесі жылы енді өсімдік картасын жасау жоспарлап отыр. Яғни, тәуелсіздік жылдары Қазақстанның өсімдіктер әлемінің жаңа түрлерін анықтауда ілгерілеушілік байқалды деу қиын.

Бізге құзырлы органдар арасында әлі күнге дейін өсімдіктерді заңсыз жинаумен күресті айыппұл көлемін ұлғайту мен қылмыстық жазаны қатаңдату арқылы ғана шешуге болады деген түсінік басым. Өйткені өсімдіктерді заңсыз жинауды ұйымдастыру және оған өзге адамдарды, оның ішінде шетелдіктерді де тарту әлі тыйылмай отыр. Егер алдағы жиын-терін маусымы кезінде мұндай фактілер тағы да анықталып жатса, оған ешкім таңғала қоймайтыны анық. Себебі табиғатты қорғауға бүкіл халықты жұмылдыру және оны қоғамдық мәдениеттің үлгісі ретінде дәріптеуде Үкімет тарапынан ақпараттық үгіт-насихат жұмысында жүйелі іс-шараларды көре алмай келеміз. Ал апталық, айлық деңгейінде өтетін өсімдіктердің заңсыз айналымына тосқауыл қоюды мақсат еткен рейдтік тексеру жұмыстарының аты дардай болғанымен, нәтижесі қылдай болып кетуі көп жағдайда қоғамдық қадағалаудың әлсіздігіне келіп тіреліп жатады.

Сондықтан өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді және мемлекеттік саясаттың құқықтық негіздерін белгілейді деп үміт артқан «Өсімдіктер дүниесі туралы» заң толық жұмыс істеуі үшін заң шығарушы орган оның орындалуына да жауапты болуы тиіс. Оның «Заң мен тәртіп» қағидаты мен «Әділетті Қазақстан» тұжырымдамасының нәтижесі болмайды.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

МЕЖЕ

Өңірлік кадр резерві – еліміздің дамуына үлес қосатын, білікті басқарушылардың жаңа буынын қалыптастыруға бағытталған стратегиялық маңызы бар жоба. Бұл бастама мемлекеттік кадр саясатын одан әрі жетілдіруге және мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға үлес қосады деп сенеміз.

ӨҢІРЛІК КАДР РЕЗЕРВІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӨЗЕКТІ

Кадр резервіне қатысты Мемлекет басшысы өзінің «Әділ Қазақстанның экономикалық бағыты» атты жолдауында жоспарланған реформаларды тиімді іске асыру мемлекеттік қызметшілердің кәсіби біліктілігіне, жеке жауапкершілігіне және саяси ерік-жігеріне тікелей тәуелді екенін атап өтті. Осы басымдықтарды жүзеге асыру мақсатында Қарағанды облысында өңірлік кадр резервін қалыптастыру бойынша іріктеу өткізілді. Қорытындыға сай 25 үміткер Қарағанды облысының өңірлік кадр резервіне қабылданды. Бүгінгі таңда олардың 50 пайызы орта буындағы басшылық лауазымға тағайындалып, экономика, жер қатынастары, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, құрылыс және сәулет секілді салаларда еңбек етуде. Сонымен қатар, өзге резервшілерге әртүрлі бос лауазымдар ұсыну жалғасуда.

Өңірлік кадр резерві – мемлекеттік қызмет саласында кезең-кезеңімен кәсіби табысқа жетудің жүйелі әрі тиімді тетігі. Бұл жол қызметтік сатылардың барлығынан өтіп, тәжірибе жинақтауға, басқару үдерістерін терең меңгеруге және кәсіби тұрғыда шыңдалуға мүмкіндік береді. Мемлекеттік басқару жүйесінің қыр-сырын жан-жақты түсіну үшін осындай сатымен даму аса маңызды. Осыған орай, резерв арқылы кезең-кезеңімен өсу – тек мансаптық жетістікке жету ғана емес, кәсіби кемелденудің сенімді кепілі. Бұдан бөлек, резерв аясында өзге мемлекеттік органдардағы тең деңгейдегі лауазымға ауысу арқылы жаңа тәжірибе жинап, кәсіби өсуге жол ашылады.

Ж.СӘРСЕН,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің
Қарағанды облысы бойынша
департамент басшысы,
Әдеп кеңесінің төрағасы

ПӘРМЕН

БАНК ШОТЫ АРҚЫЛЫ ТАБЫС ТАБУ ҚҰҚЫҚҚА ҚАЙШЫ

Ақкөл аудандық сотында материалдық сыйақы үшін өзінің банк шотын заңсыз ұсынғаны үшін Н.-ға қатысты қылмыстық іс қаралды – дропперлік (ҚК-нің 232-1-бабының 1-бөлігі).

Сотта анықталғандай, 20 жастағы Н. өз атына банк шотын ашып, оны сыйақы алу үшін басқа адамға пайдалануға берген. Сотта Н. кінәсін мойындап, әлеуметтік желіде жеңіл табыс туралы жарнама арқылы сілтемеге өт-

кенін, белгісіз адаммен хат алмасу барысында оның нұсқауларын орындағанын, атқарған жұмысы үшін 18 мың теңге алғанын көрсетті.

Сотта куә – алаяқтардың құрбаны болған Б. мессенджер «WhatsApp» арқылы жиенінің атынан оған көрсетілген банктік шотқа ақша аударуды сұраған хабарлама түскенін айтты. Б. көрсетілген банк шотына 100 мың теңге аударғаннан кейін, оның алаяқтар екенін түсініп, полицияға жүгінген.

Ақша аударымы банк деректерімен расталды. Оған сәйкес Н.-ның шоты-

на 100 мың теңге түсіп, бірден басқа тұлғаға аударылған, кейін Н.-ның шотына 18 мың теңге түскен. Жаза тағайындауда сот Н.-ның кінәсін мойындауын және өкінуін ескерді.

Сот үкімімен Н.-ға 20 АЕК (86 500 теңге) айыппұл тағайындалып, заңсыз алынған 18 мың теңге мемлекет кірісіне тәркіленді. Б.-ның ақшасын жымқыру фактісі бойынша қозғалған қылмыстық іс сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында.

Ақкөл аудандық соты
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

ТАЛАПКЕР

ШАРТ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ОРЫНДАМАҒАН

Қызылорда қалалық сотында талап қоюшы Қ.-ның жауапкер У.-дан шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны үшін ақшаны өндіру туралы талап қоюы бойынша азаматтық іс қаралды.

Іс құжаттарына сәйкес, талап қоюшы мен жауапкер арасында шарт жасалып, оған сәйкес жауапкер талап қоюшының

тұрғын үйіне асхана жиһазын орнатуға және тоңазытқыш, пеш, микротолқынды пеш, ыдыс-аяқ жуатын машина жеткізіп беру міндеттемесін алған. Талап қоюшы осы жұмыстар үшін барлығы 1 950 000 теңге аударғанымен, жауапкер өз міндеттемесін орындамаған.

Сот ұсынылған дәлелдемелерді зерделеп, жауапкерден талап қоюшының пайдасына 1 950 000 теңге өндіру туралы шешім шығарды.

Қызылорда облыстық соты

АЛТЫН ҚАЗЫҚ

САПАЛЫ ДАЙЫНДАЛҒАН СОТ АКТИЛЕРІ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ МЕРЕЙІН АРТТЫРАДЫ

Атам заманнан сан ғасырлық тарихы бар қазақ елінің атал байлығы, құдіреті, мәртебесі тілінде жатыр. Тіл – ұлттың жаны деген сөз осыдан қалса керек. Тіліміз – біздің күшіміз, елдігіміз бен өртеңіміз. Ана тілін құрметтеу – ата-бабамызды, елімізді құрметтеу! Қазақ тілі – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ол – өдебиет, мәдениет, таным!

Қазақстан – құқықтық мемлекет. Ал құқықтық мемлекеттің басты тіректерінің бірі – сот билігі. Сот төрелігі қоғамдағы әділеттіліктің өлшемі болса, сол әділеттің халыққа түсінікті әрі қолжетімді болуы – мемлекеттік тілдің қолданылуына тікелей байланысты. Бүгінде мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру мәселесі тек мәдени немесе әлеуметтік бағыттағы міндет емес. Бұл – мемлекеттік саясаттың, ұлттық тұтастықтың және ең бастысы азаматтардың құқықтарын қорғаудың маңызды кепілі.

Сотта тіл мәселесі неге маңызды? Себебі сотқа жүгінген азамат өз құқығын қорғауға келеді. Ол сот процесінің мазмұнын толық түсініп, өз пікірін ашық айтып, дәлелдерін еркін ұсынуы қажет. Егер сот отырысы немесе сот актілері азаматқа түсініксіз тілде жүргізілсе, онда әділ сотқа қол жеткізу құқығы толық көлемде жүзеге аспайды.

Сот актілері – сот төрелігінің нақты нәтижесі. Шешімнің заңды болуы жеткіліксіз, ол азаматқа түсінікті әрі нақты жазылуы қажет. Мемлекеттік тілде сапалы дайындалған сот актілері азаматтардың құқықтық сауатын арттырып, сотқа деген сенімді күшейтеді. Қарапайым азамат сот шешімін оқып, оның мәнін түсінсе, соттың әділдігіне деген күмән азаяды. Ал бұл – қоғамдағы құқықтық тәртіп пен заңға құрметті қалыптастырады.

Шымкент қалалық соты сот саласындағы тіл мәселесінің маңызды екендігін ескеріп, Мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі жұмыс тобын құрып, бұл топ тұрақты түрде жергілікті соттарда қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейту бағытындағы жұмыстарын жалғастырып келеді. Былтыр қалалық сотта мемлекеттік тілді қолдануды кеңейту мақсатында «Талап қоюды мемлекеттік тілде ұсыну» тақырыбында «дөңгелек үстел» мәжілісін өткізіп, қазақ тілінің мәртебесін арттыру бойынша нақты ұсыныстарды талқылаған бо-

латын. Жұмыс тобының мүшелері ай сайын мемлекеттік тілдің жай-күйіне талдау жүргізіп, оның нәтижесі бойынша тиісті шаралар қолданады. Осындай атқарылған оңды жұмыстар біртіндеп өз нәтижесін беруде.

Қазір қала соттарындағы ішкі құжат айналымы 100 пайыз қазақ тілінде. Ауданаралық қылмыстық, әкімшілік құқық бұзушылықтар және тергеу соттарында барлығы 27 589 іс қаралып аяқталса, соның 23 589-ы, яғни, 87%-ы мемлекеттік тілде қаралды. Мұндай жоғары көрсеткішке жету үшін қала соттарының ұйымдастыруымен адвокаттардың, жергілікті құқық қорғау және атқарушы органдар өкілдерінің қатысуымен бірнеше семинарлар мен кездесулер өткізілді.

2025 жылы қала соттарында барлығы 46 472 азаматтық және әкімшілік істер қаралып аяқталса, соның 22 438-і немесе 48,3%-ы қазақ тілінде қаралды. Осы көрсеткіштің өзінен-ақ сотқа түскен талап қоюлардың мемлекеттік тілдегісі 50%-ға да жетпейтіні байқалып тұр. Әрине көңіл көншітетін жағдай емес. Сондықтан, осы бағытта тиісті ұйымдастырушылық және түсіндіру жұмыстары күшейту қажет. Әсіресе әкімшілік сот ісін жүргізуде мемлекеттік тілдің орны ерекше. Себебі, бұл салада көбінесе жария құқықтық қатынастан туындайтын азамат пен мемлекеттік орган арасындағы даулар қаралады. Мұндай жағдайда азаматтың өз талабын мемлекеттік тілде нақты жеткізуі – оның құқықтарын қорғаудың тиімді жолының бірі болып табылады. Әкімшілік әділеттің басты мақсатының бірі, ол мемлекеттік органның заңсыз әрекеттерін шектеу және азаматтар мен заңды тұлғалардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру. Бұл міндеттерді орындауда мемлекеттік тілдің қолданылуы сот төрелігінің жариялылығын және әділеттілігін күшейтеді.

Осы ретте, іс жүргізу тілін өзгерту

актісі – мемлекеттік тілдің дамуына қосылған үлес әрі сот билігінің беделін арттыратын маңызды қадам.

Сот шешімі іс жүргізу құқық нормалары сақтала отырып және осы құқықтық қатынасқа қолдануға тиісті материалдық құқық нормаларын толық сәйкестікте шығарылғанда немесе ұқсас қатынасты реттейтін заңның қажетті негіздерін қолданғанда не азамат-

лық мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, қоғамдық бірлестіктер, басқа да заңды тұлғалар, лауазымда адамдар мен азаматтар үшін міндетті және Қазақстанның бүкіл аумағында мүлтіксіз орындалуы тиіс. Сондықтан сот актісі неғұрлым сауатты және тараптар үшін түсінікті жазылса, оның мүлтіксіз орындалуы тараптар үшін маңызды болмақ.

Мемлекеттік тілде әзірленген сот актілерінің көпшілігі қойылатын талаптарға сай. Сапасы жағынан алып қарағанда, сот актілерінің тілі негізінен заң терминологиясы мен әдеби тіл нормасына жауап береді. Өкінішке қарай өңірімізде кейбір бірінші сатылы сот судьяларының сот істерін мемлекеттік тілде дайындауға әлі де жете көңіл бөлмейтін жағдайлар кездеседі. Осының салдарынан қазақ тілінде жазылған сот актілерінің сапасы нашар, кей жағдайда грамматика, стилистика талаптарына сай келмейді. Кейбір сот актілерінің құрылым тілдері өте ауыр, сөйлемдер стилистикалық жағынан дұрыс құрылмайды және грамматикалық қателері де көп кездеседі. Тіпті кейбір сөздер орыс тілінен сөзбе-сөз аударылып қолданылады.

Сот актілерін сауатты жазу және ресімдеу судьяның кәсіби мәдениетінің жоғары деңгейінің көрсеткіші, сот талқылауына қатысушы тұлғаларға құрмет білдіру көрінісі болатындықтан, судьялар шешім қабылдаған кезде іс жүргізу заңнамасының сот актілерінің заңдылығы, негізділігі және дәлелділігі туралы талаптарын сақтауға, сонымен бірге олардың жазылуы мен ресімделуіне де үлкен жауаптылықпен қарауға міндетті. Өйткені, ана тіліміз – халықтың жаны, рухы әрі ұлттың коды. Бір ғасыр бұрын қазақ тілі жөнінде Ұлт



Сот актілері – сот төрелігінің нақты нәтижесі. Шешімнің заңды болуы жеткіліксіз, ол азаматқа түсінікті әрі нақты жазылуы қажет. Мемлекеттік тілде сапалы дайындалған сот актілері азаматтардың құқықтық сауатын арттырып, сотқа деген сенімді күшейтеді. Қарапайым азамат сот шешімін оқып, оның мәнін түсінсе, соттың әділдігіне деген күмән азаяды.

тәжірибесіне тоқтала кеткенді жөн көрдім. Азаматтық процесілік кодекстің 14-бабына сәйкес, тараптардың жазбаша өтінішхаты негізінде сот ісін жүргізу тілін өзгерту мүмкіндігі көзделген. Сол норманы қолдану арқылы былтыр, Азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сотта – 15 іс, мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотта – 16 іс, Әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі сотта – 5 іс және Қылмыстық істер жөніндегі ауданаралық сотта – 9 іс бойынша іс жүргізу тілі орыс тілінен мемлекеттік тілге ауыстырылды.

Судьяның кәсіби деңгейі тек заң нормаларын білумен ғана өлшенбейді. Сот актісін сауатты, жүйелі әрі дәлелді түрде құқықтық стильде жазу – сот мәдениетінің ажырамас бөлігі. Мемлекеттік тілде ресімделген әрбір сот

тық заңнаманың жалпы бастауларынан және мәнінен, адалдық, парасаттылық пен әділдік талаптарынан туындағанда ғана заңды болып табылады.

Айта кететін жайт, іс үшін маңызды бар жағдайлар, заң талаптарына сай сот отырысында анықталған осы жағдайларға қатысты жол берілген және шынайы дұрыс дәлелдемелермен құпталса немесе дәлелдеуді қажет етпейтін жалпыға мәлім мән-жайларға сәйкес келсе немесе іс бойынша жинақталған дәлелдемелер тараптар арасындағы дауды шешу үшін жеткілікті болса, ондай шешім негізді болып саналады. Заңды күшіне енген сот актілері бар-

Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұрттың қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады» деген еді.

Мемлекеттік тілдің мәртебесін жоғары көтеріп, туған тіл құдіретінің мерейін асырып, беделін тасыту еліміздің әрбір азаматы үшін үлкен абырой әрі қасиетті борышымыз екенін естен шығармайық, ағайын!

Бахтияр НӘСІРДІНОВ,
Шымкент қалалық сотының судьясы

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

ЖАЛҒАН ХАБАРЛАМА ҮШІН ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖОҒАРЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жалған хабарламаның салдарынан эвакуация, әуе рейстерінің тоқтауы, жұмыс орындарының жабылуы сияқты оқиғалар орын алса, кінәлі адам миллиондаған теңге мөлшерінде залалды өтеуге міндетті. Бұл баптың қатаң қолданылуы – қылмыстың жоғары қауіптілігі мен профилактикалық мақсатқа негізделген. Әсіресе жасөспірімдер арасында «әзіл мақсатында» жасалатын мұндай әрекеттер соңғы жылдары жиілегендіктен, көмекетке толмағандарға қатысты да қатаң шаралар қарастырылған.

Практикада терроризм туралы жалған хабарламалардың басым бөлігі келесі себептермен жасалады:

- мектептен немесе жұмыстан қашу мақсатында «әзіл ретінде»;
- жауапсыздық және құқықтық сауатсыздық;
- жеке адамдар арасындағы кикілжіңдер;
- масан күйде жасалған ойландырып әрекеттер;
- өзге қылмысты жасыру мақсатында жасалған жағдаяттар.

Бұл қылмыстардың көпшілігі жастар тарапынан жасалатындықтан, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту маңызды. Мектептер мен колледждерде қылмыстық жауапкершілік туралы түсіндіру сабақтарын өткізу, құқықтық мәдениетті арттыру, интернеттегі анонимділіктің шектеулі екенін түсіндіру керек. Сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер арқылы азаматтарға жалған хабарлама берудің салдары туралы нақты әрі ашық ақпарат тарату қажет. Жалған террорлық хабарламалар қоғамның тұрақтылығын бұзатынын, арнайы қызметтердің жұмысын баяулататынын және қылмыстық жазаның өте ауыр екенін барлық азамат түсінуі тиіс.

Терроризм актісі туралы жалған хабарлама – қоғамға, мемлекетке және азаматтарға елеулі зиян келтіретін қауіпті қылмыс. Оның салдары материалдық, моральдық, психологиялық және ұйымдастырушылық шығындарға алып келеді. Сондықтан бұл қылмыс үшін қылмыстық жауапкершіліктің қатаңдатылуы – қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі маңызды құралдардың бірі. Жалған террорлық хабарламалардың алдын алу үшін құқықтық сауаттылықты арттыру, жастарға түсіндіру жұмысын күшейту және қоғамда жауапкершілік мәдениетін дамыту қажет.

Бек НҮРНИЯЗОВ,
Ақтөбе қаласы №2 сотының судьясы

ХАЛЫҚ ПЕН НАРЫҚ

Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген отырысында: «Отандық қаржы жүйесіндегі сақтандыру секторының үлесі мардымсыз – 5 пайыз ғана. Мұндай жағдайды мектепке болмайды. Өңгіме цифрлық технологияларды пайдалану арқылы сақтандыру өнімдерінің түрін көбейтіп, олардың қолжетімділігін арттыру жөнінде болып отыр».

САҚТАНДЫРУ СЕКТОРЫ ЖАҢАША ТҮРЛЕНЕДІ



Сақтандыру нарығын мемлекеттік, азаматтар мен бизнестің ықтимал тәуекелдерге ортақ жауапкершілік мәдениетін қалыптастыратын маңызды институт ретінде қарастырып жөн. Мұндай тәсілге көшу үшін дамыған елдердің үлгісіне сай міндетті сақтандыру түрлерін көбейту қажет», – деген еді. Сондай-ақ банктер мен сақтандыру компаниялары ұзақ мерзімді қор жинауды күшейтсе, бұл құнды қағаздар нарығының дамуына тың серпін береді.

Құнды қағаздардың дамыған нарығы – макроэкономикалық тұрақтылықтың маңызды көрсеткіші. Ал оның ауқымы инвестициялардың сенім деңгейі қандай екенін білдіретінін айта келіп, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі мен Ұлттық банкке 1 қыркүйекке дейін сақтандыру және қор нарығын дамытудың 2030 жылға дейінгі бағдарламасын әзірлеуді тапсырды. Оны тиімді іске

асыру үшін сақтандыру және құнды қағаздар туралы жаңа заңдар қабылдау қажеттігін де атап өтті. «Қазақстандағы міндетті асақтандыру полисі бірнеше жылдан бері нарық пен қоғамның қазіргі талаптарына толық сәйкес келмейді. Сақтандыру компаниялары жеткілікті көлемде сақтандыру сыйақыларын жинай алмай отыр, сондықтан бұл өнімнің шығыны көп. Ал жүргізушілерге жол-көлік оқиғасынан кейін көлікке келтірілген залалды толық өтеуге төленетін өтемақы көлемі жеткіліксіз», – дейді «Freedom Insurance» сақтандыру компаниясының басқарма төрағасы Азамат Керімбаев.

Сондықтан олар Президент бастамасын қолдай отырып, сақтандыру саласының мамандарының көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру (КҚИ АҚЖМС) бойынша тарифтерді есептеу

әдістемесін әзірлеуге арналған конкурс жариялайтынын хабарлады. Мақсат – әлеуметтік маңызы жоғары сақтандыру өнімінің тариф қалыптастыру жүйесін жаңғыртып, тәуекелге негізделген модельге көшу. Конкурс қорытындысы бойынша ұсынылған шешімдердің ішінен ең тиімдісі таңдалып, оны реттеуші органға ұсыну жоспарлануда. Болашақта бұл модель нормативтік тұрғыда бекітіліп, елдің сақтандыру нарығында қолданылуы мүмкін.

Конкурстың жүлде қоры – 100 млн теңге. Жоба 2026 жылғы 1 наурызда басталып, 2027 жылдың екінші тоқсанында аяқталады деп жоспарланған. Бірінші кезеңі 2026 жылдың наурыз-маусым аралығында, екінші кезеңі шілде-қыркүйек аралығында өтеді. Пилоттық кезең 2026 жылғы қазаннан 2027 жылғы наурызға дейін жалғасады, ал енгізу кезеңі 2027 жылғы сәуір-маусым айларына жоспарланған. Жалпы жүлде қоры жобаның кезеңдеріне сәйкес бөлінеді.

Конкурсқа қатысатын команда құрамында салада кемінде 7 жыл тәжірибесі бар жоба жетекшісі, Қазақстан Республикасында танылатын біліктілігі бар бас актуарий, екі немесе одан да көп актуарлық аналитик, ҚР сақтандыру құқығы бойынша заңгер, макроэкономист, дербес деректерді қорғау жөніндегі маман және халықаралық тәжірибелер бойынша сарапшы болуы тиіс. Деректерді өңдеу тек Қазақстан Республикасының аумағында жүргізілуі қажет. Конкурс топтарының жұмыс тәртібі бойынша реттеуші орган мен салалық бірлестік топтарға негізделген ескертулер жолдай алады. Сондай-ақ операциялық қызметке араласу құқығынсыз консультативтік сарапшылар кеңесі құрылады.

Е. БЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

ТАРАТУ

2. «Meiram Group 2024» ЖШС (БСН 241140002586) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Күркелес ауылдық округі, Ақниет елді мекені, Д. Қонаев көшесі, №20 үй. Тел. +7 (778)616-63-17.

3. «ОралСтройЦентр» ЖШС (БСН 221040006076) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Алматы көшесі, 211-үйі, 1-пәтер.

7. «WORK CONSULTING LTD» ЖШС (БСН 150540010570) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Атырау қаласы, Самал ықшамауданы, Адам Қаримов көшесі, 43-үйі, тел. +7 701 420 22 60.

8. «Vector Group Aktobe» ЖШС (БСН 210840019042) (ҚР, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Н. Шайкенов көшесі, 6-үйі, н.п. 14) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Ақтөбе қаласы, эз Наурыз көшесі, 13, тел. 8 707 543 13 01.

9. «Vizza» ЖШС (БСН 180540014954) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, Құрамсы шағынауданы, Ақселеу Сейдімбек көшесі, 110/1-үйі, 5-корпус, 3-пәтер, тел. 8 771 507 00 59.

10. «Ерұлтан балабақшасы» ЖШС (БСН 180640018554) (Жамбыл облысы, Меркі ауданы, Ақтоған ауылдық округі, Ақтоған ауылы, Жамбыл көшесі, 3-үйі), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Жамбыл облысы, Меркі ауданы, Ақтоған ауылдық округі, Ақтоған ауылы, Амангелді көшесі, 16-үйі. Тел. 8 72632 3 53 89, 8 701 370 32 17.

11. «Алихан-Б» бөбекжай-бақшасы» жеке мекемесі (БСН 210740003766) өзінің жұмысын тоқтатығынын хабарлайды. Барлық талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзімі ішінде мына мекенжайда қабылданады: 120313, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Түгіскен ауылы, М.Көкенов көшесі, 16-үйі. Тел. 8 747 282 46 80.

15. «Болашақ» тереңдетілген білім беру орта мектебі» ЖШС (БСН 210940038260) Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Н.Мырзахметов көшесі, 1/4 ғимаратта орналасқан, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар екі ай мерзім ішінде осы мекенжайда қабылданады. Тел. 8 778 818 99 61.

16. «Болашақ» бөбекжай балабақшасы» жеке мекемесі (БСН 200240030060) Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Н.Мырзахметов көшесі, 1/4 ғимаратта орналасқан, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар екі ай мерзім ішінде осы мекенжайда қабылданады. Тел. 8 778 818 99 61.

17. «Байкенже-Бірлестік» ауылшаруашылығы өндірістік кооперативі (БСН 161240015930) Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Байкенже ауылы, Ұрқия Оспанова көшесі, 8-үйде орналасқан, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар екі ай мерзім ішінде осы мекенжайда қабылданады. Тел. 8 778 818 99 61.

18. «Тамды-Саинбулак Проект» ЖШС (БСН 171240019073) (Ұлытау облысы, Жезказған қаласы, Қаныш Сәтбаев алаңы, 1-ғимарат), Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 50-бабының 1-тармағына сәйкес өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талап-арыздары хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мөңгілік Ел даңғылы, 52А ғимарат.

20. «Дарын зекет» қоғамдық қоры (БСН 200240029809) өзінің таратылуы туралы хабарлайды. Қойылатын талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Атырау облысы, Исатай ауданы, Аққыстау ауылы, Атырау көшесі, 26А үйі мекенжайы бойынша қабылданады. Тел. +7 775 218 69 59.

21. «DARYN-Z» ЖШС (БСН 220340019748) өзінің таратылуы туралы хабарлайды. Қойылатын талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Атырау облысы, Исатай ауданы, Аққыстау ауылы, Абай көшесі, 10 үйі мекенжайы бойынша қабылданады. Тел. +7 702 529 39 81.

22. «BGI Health Kazakhstan (БиджиАй Хэлс Қазахстан)» ЖШС (БСН 221140004182) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Луганский қкшесі, 1-үйі, н.п. 7А, тел. +7 771 754 77 20.

28. «ECAP Services Kazakhstan Филиалы» филиалы (БСН 150641022802) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Абай даңғылы, 148Б үйі.

29. «Аивит+» ЖШС (БСН 150140005886) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Қожахметов көшесі, 9А үйі.

30. «Умид» қоғамдық бірлестігі (БСН 040240006984) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, ОҚО, Сайрам ауданы, Қарабұлақ ауылы, Т.Рустемов көшесі, 27 А.

31. «Оралдық «Сауда мекемесі» ЖШС (БСН 071140004625) таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Потанин көшесі, 8-құрылыс. Тел.+7 777 165 85 17.

34. «ЖД вагон» ЖШС (БСН 230540017227) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 050031, Алматы қаласы, Өуезов ауданы, Ақсай 1шағын ауданы, 15А үйі, 19-пәтер, тел. +77715018764.

35. «Тендерная Торга» ЖШС (БСН 200140007755) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Қандыағаш қаласы, Жастық ықшам ауданы, №22 үйі, №52 пәтер. Тел. +7 771 167 94 10.

36. «Мухамеджанова 28» мүліктің меншік иелері бірлестігі (БСН 230540036540) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 100300, ҚР, Қарағанды облысы, Балқаш қаласы, С. Мұхамеджанова шағын ауданы, 28-38. Тел. 8 775 679 61 45.

37. «Сабитова 14» мүліктің меншік иелері бірлестігі (БСН 230540035750) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 100300, ҚР, Қарағанды облысы, Балқаш қаласы, З. Сабитова шағынауданы, 14-104. Тел. 8 700 964 26 80.

38. «BIRUNI» ЖШС (БСН 171040040410) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Мамыр 2, 13-үйі, 65-пәтер, тел. 8(705)406 50 25.

39. Тараз қаласындағы «Юг Астат Innovation» ЖШС (БСН 180441035512) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Шымкент қаласы, Абай ауданы, Темірлан тас жолы көшесі, 46/43 ғимарат, тел. 87017993044.

40. «Юг-Астат Innovation» ЖШС (БСН 090840014262) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Шымкент қаласы, Абай ауданы, Темірлан тас жолы көшесі, 46/43 ғимарат, тел. 87017993044.

41. «РЦКУ-Туркестан» ЖШС (БСН 200840020440) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Шымкент қаласы, Абай ауданы, Темірлан тас жолы көшесі, 46/43 ғимарат, тел. 87017993044.

ӘРТҮРЛІ

4. «Қазушар» РМҚ Солтүстік Қазақстан филиалы 2025 жылдың қорытындысы бойынша тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында кәсіпорының - «Сергеевка, Петропавл су қоймалары бар су тораптарының тірек гидротехникалық құрылыстарының көмегімен жер үсті ағынын реттеу» реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну жөніндегі қызметі туралы – тыңдау өткізілетінін хабарлайды. Тыңдау 2026 жылы 27 наурызда сағат 11:00-де Петропавл қаласы, К. Сүгішев көшесі, 58-үйі, мекенжайы бойынша онлайн «ZOOM» бейнеконференц байланыс жүйесінің көмегімен өтеді.

Бейнеконференция идентификаторы: 514 485 10 70. Кіру коды: 1 2 3 4 5. Осы тыңдауға қатысуға ниет білдірушілер 8-7152-46-33-94 телефоны бойынша хабарласуларыңызды сұраймыз.

БЕКІТІЛГЕН «ВАУТАQ» жасылдар партиясы Саяси кеңесі Бюросының 2026 жылғы 16 ақпандағы №1 қаулысымен

Қазақстанның «ВАУТАQ» жасылдар партиясы» қоғамдық бірлестігі

2023 жылға арналған

КІРІСТЕР МЕН ШЫҒЫСТАР ТУРАЛЫ ЕСЕП

Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясы қоғамдық бірлестігі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының «Саяси партиялар туралы» заңына, өзге де нормативтік құқықтық актілеріне және Партия Жарғысына сәйкес жүзеге асырады.

Партия қызметі Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген сәттен бастап, яғни 2022 жылғы қараша айынан бастап жүзеге асырылуда.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша партия мүшелерінің саны 40 859 адамды құрады.

Партияның Орталық аппаратының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Мұхтар Әуезов көшесі, 8.

Есепті қалыптастыру әдісі. Партияның кірістері мен шығыстары туралы есеп кассалық әдіс бойынша, ұлттық валюта – теңгемен, өлшем бірлігі – мың теңге түрінде жасалды. Бұл есепте 2023 жылғы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің сайлау науқаны кезіндегі, сондай-ақ облыстық, қалалық және аудандық мәслихаттардың депутаттарын сайлау кезіндегі арнайы шоттағы қаражаттың қозғалысы ескерілмеген.

2023 жылға арналған кірістер мен шығыстар туралы есеп Партияның Орталық аппараты және бастауыш партия ұйымдары негізінде құрылған 20 аумақтық филиал бойынша деректерді қамтиды.

2023 жылға арналған кірістер мен шығыстар туралы есеп «Байтақ» партиясы Саяси кеңесі Бюросының шешімімен (2026 жылғы 16 ақпандағы №001 қаулы) бекітілді.

<p>5. Конго – Қырым геморрагиялық қызбасы – аса қауіпті жұқпалы ауру</p> <p>Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы – бұл кене арқылы жұғатын ауыр вирустық жұқпалы ауру. Ауруды Nairovirus туыстығына жататын вирус қоздырады. ККҒК көбіне Қазақстанда, әсіресе оңтүстік өңірлерде жиі кездеседі.</p> <p>Қалай жұғады?</p> <ul style="list-style-type: none">Кене шағуы арқылы Ауру маңдық қанымен жанасқанда Ауру адаммен тығыз байланыста (қан, биологиялық сұйықтықтар арқылы) <p>Белгілері</p> <p>Аурудың жасырын кезеңі: 1–14 күн. Бастапқы белгілер:</p> <ul style="list-style-type: none">Дене қызуының көтерілуі (39–40°С) Бас ауруы Бұлшықет пен буын ауруы Өліссізлік Ауыр жағдайы Терідегі және ішкі ағзалардағы қан кетулер Мұрыннан, қызыл иектен қан кету Қан қусу <p>Қауіптілігі – өлім-жітім көрсеткіші 10-40% дейін жетуі мүмкін, уақытылы емделмесе өте қауіпті.</p> <p>Емі – Нақты арнайы емі толық жоқ, бірақ вирусқа қарсы препараттар (мысалы, рибавирин) қолданылуы мүмкін. Негізнен симптоматикалық және қарқынды терапия жүргізіледі.</p> <p>Аурудың алдын-алу үшін табиғи ошақ аумағында орналасқан елді мекендердегі жануарларды, қора-жайлар мен үй жайларының аумағын кенеге қарсы залалсыздандыру. Табиғи ошақтарда орналасқан тұрғындар малдарды күтіп қарағанда және қыркым кезінде кенселердің шабуылынан сақтану мақсатында жеке қорғану үшін арнайы киім кию қажет (қалпақты комбинезон, шалбардың балағын шұлықтың ішіне салу, жақсы қорғалған аяқ және бас киім, резіңке қолғап).</p> <p>Табиғатқа демалысқа шыққанда кененің жабысқаны көрінетін ашық бір түсті киім кию, жақсы қорғалған резеңкелі манжетті жеңі ұзын көйлек, ұзын балақты шалбар кию қажет. Денеге кененің жабысқанын тексеру үшін өзіңіз және өзіңізге байқалмайтын орындарды (мойын, бастың шаш бөлігі, дененің артқы жағы т.б.) бір-біріндіздің үстеріңізді мұқият қарап отыру. Киімдерге арналған рұқсат етілген акарицид кенелердің шабуылынан қорғайтын немесе оны өлтіретін арнайы сақтану құралдарын қолданып, кене шаққан немесе кенемен жанаста болған жағдайларда міндетті түрде медициналық бақылауда болуыңыз қажет.</p>
<p>ҚР ДСМ СЭБК «ҰСО» ШЖҚ РМҚ «Түркістан облысы бойынша дезинфекция орталығы» филиалының биолог маманы А.Д.Асылбекова.</p>

12. «Le jardin» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 151240007958) «PRIVATE SCHOOL «КОКТОВЕ» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі» ұйымымен (БСН 100940018510) бірігу арқылы қайта құрылатынын хабарлайды. Талап-арыздар мына мекенжай бойынша қабылданады: 050010, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Найманбаев көшесі, 95-үйі. Тел. +7 777 330 90 90.

13. «Ярославское» ЖШС (БСН 190340017418) жарғлыық капитал молшерінің 1 000 000 (бір миллион) теңгеге дейін азайғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Абай облысы, Семей қаласы, Бауыржан Момышұлы көшесі, 25-үйі, «Меридиан» бизнес-орталығы, 315-кеңсе. Тел. 8 777 147 37 33.

23. Маңғыстау облысы МАЭС-ның 20.02.2026 жылғы ұйғарымымен «ARKANTOR» ЖШС-не (БСН 050840002425) қатысты оналту рәсімін қолдану туралы іс қозғалды, мекенжайы: Маңғыстау облысы, Қаракия ауданы, Жетібай ауылы, Өуезжай шағын ауданы, 293-үй.

26. «Қарағанды жол құрылыс» ЖШС (БСН 090140011301) «Дорестрой-Жолбарыс» ЖШС-не (БСН 161240018434) қосылу жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Әлихан Бөкейхан ауданы, Мелитопольская көшесі, 16/1 құрылыс мекенжайы бойынша қабылданады.

27. «Дорестрой-Жолбарыс» ЖШС (БСН 161240018434) өзіне «Қарағанды жол құрылыс» ЖШС-ін (БСН 090140011301) қосу жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, 071 есептік квартал, 16 құрылыс мекенжайы бойынша қабылданады.

24. Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ (БСН 190940010026) құрамынан «Кентау қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі» және «Кентау қалалық тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ-лерін боліп шығару жолымен қайта ұйымдастырылатынын хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Кентау қаласы, А.Ясауи даңғылы, №85 құрылыс. Тел. +7 700 496 40 96.

25. Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 19.02.2026 жылы Ұйғарымымен «Smart Engineering Group» ЖШС (БСН 090540016317) қатысты оналту рәсімін енгізу туралы азаматтық іс қозғалып, уақытша әкімші болып Джамаловка Ермекбай Мадхатович тағайындалды. «Smart Engineering Group» ЖШС (БСН 090540016317) кредиторлары газетке хабарландыру шыққаннан бастап бір ай мерзімімен кешіктірімей борышкерге қоятын талаптарын келесі мекенжай бойынша мәлімдеулері сұралады: Атырау қаласы, А.Афанасьев көшесі, 123, тел. 8 701 624 59 93.

		<i>(мың теңге)</i>
	Көрсеткіштің атауы	2023 жыл
КІРІСТЕР:		
I. Коммерциялық емес қызметтен		
Саяси партияларды республикалық бюджеттен қаржыландыру		0,00
Партиялық жарналар		101 843,29
Демеушілік және қайырымдылық көмек		67 895,52
Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар (депозиттер) бойынша сыйақы		0,00
Коммерциялық емес қызметтен барлығы		169 738,81
II. Коммерциялық қызметтен		
Жалға беруден түскен кірістер		0,00
Өзге кірістер (біржолғы)		0,00
Коммерциялық қызметтен барлығы		0,00
Кірістер барлығы		169 738,81
ШЫҒЫСТАР:		
Еңбекақы төлеу және әлеуметтік төлемдер бойынша шығыстар		27 520,80
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді ұстау және қызмет көрсету шығыстары		0,00
Іссапар шығыстары		4 602,19
Үй-жайларды жалға алу шығыстары		7 249,67
Байланыс және интернет қызметтері бойынша шығыстар		2 374,86
Сақтандыру және консультациялық қызметтер бойынша шығыстар		8 140,00
Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер		2 257,39
Іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу		29 565,85
Ақпараттық сүйемелдеу		43 961,24
Партиялық атрибутика		7 927,57
Өзге шығыстар		36 139,23
Шығыстар барлығы		169 738,81

<p>32. «Шығыстүстімет» ЖШС қатысушыларының кезекті жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама»</p> <p>«Шығыстүстімет» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - Серіктестік), (Атқарушы органын орналасқан жері: Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Александр Протоzanов атындағы көшсе, 121) Серіктестік Басқармасының шешімі негізінде 2026 жылғы 31 наурызда 1 сағат 00 минутта Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Александр Протоzanов атындағы көше, 121 мекенжайы бойынша, «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы заңының 44-бабына сәйкес «Шығыстүстімет» ЖШС қатысушыларының кезекті жалпы жиналысы өтетіні туралы өз қатысушылары хабарлар етеді.</p> <p>Қатысушыларды тіркеу 2026 жылғы 31 наурызда жоғарыда көрсетілген мекен-</p>	<p>жай бойынша 9 сағат 30 минуттан 10 сағат 45 минутқа дейін жүзеге асырылады.</p> <p>Жиналысқа қатысуға құқығы бар қатысушылардың тізімі 2026 жылғы 30 наурыздағы 00 сағат 00 минуттағы жағдай бойынша жасалады.</p> <p>Жиналысты, сырттай дауыс беруді өткізу тәртібі «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы заңының 47, 48-баптарымен реттеледі.</p> <p>Күн тәртібі:</p> <ol style="list-style-type: none">2025 жылғы «Шығыстүстімет» ЖШС қаржылық есептілігін бекіту; «Шығыстүстімет» ЖШС қызметінің қорытындылары бойынша таза табысты үлестіру. <p>Серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысының күні тәртібіндегі мәселелер бойынша ақпаратпен (материалдармен) «Шығыстүстімет» ЖШС Атқарушы органының орналасқан жері бойынша танысуға болады.</p>
<p>33. «Қазақстан Республикасындағы В.И. Вернадский атындағы Үкіметтік емес экологиялық қор» қоғамдық қоры республикалық маңызы бар «Оңтүстік Алтай» (кененді) мемлекеттік табиғи кауамлы аумағын аялту жөніндегі жаратылыстану-ғылыми негіздеме жобасына қоғамдық талқылауларын санында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.</p> <p>Өзiрлеушi – мекенжайы: Астана қаласы, Есiл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 40-үйі, ВП-43, «Қазақстан Республикасындағы В.И. Вернадский атындағы Үкіметтік емес экологиялық қор» қоғамдық қоры.</p> <p>Жобаның құжаттама 9 наурыздан бастап жиярма жұмыс күні ішінде Бірыңғай экологиялық порталында (https://ndbcology.gov.kz/1 (https://ndbcology.gov.kz/)) қолжетімді болады. Ескертулер және/немесе ұсыныстар www.ndbcology.gov.kz ақпараттық жүйесінде қабылданады. Қосымша ақпаратты 8 776 972 27 72 телефоны арқылы алуға болады.</p>	

42. «ТехноСтройКомпани» ЖШС (БСН 041040016709) өзінің «Холдинг ВТМ» ЖШС-не (БСН 110940019332) қосылу жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, К.Күмісбеков көшесі, 2-үйі, 205-пәтер. Тел.: 8 701 722 70 78, email: m.gabidullina@btmh.kz.

<p>43. ХАБАРЛАНДЫРУ «Мир Алишер Навои атындағы» ӨК мүшелеріне (ЖСН: 940740002016).</p> <p>2026 жылғы 21 наурыз күні сағат 18:00-де Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Қарабұлақ ау</p>
--

БАЙҚАУҒА!

(Соңы. Басы № 13, 15-сандарда)

X ТАРАУ КӨЛЕҢКЕДЕГІ БЕЙНЕ

Түнгі ауыл. Сейіттің шеткі көшесінде орнатылған көне бейнебақылау камерасы. Бұрышын ыңғайсыз жерге қойған, бірақ Абылай оны да көзден таса қылған жоқ. Мақсат екеуі жазбаларды қайта-қайта шолып шықты.

– Міне, қара, – деді Мақсат кадрды тоқтатып.

– Сол күнгі түн. Сағат 02:34.

Камерада анық ешкім жоқ. Тек көше шамының жарығында әлдененің көлеңкесі жылжиды. Ұзынша, ер адамның сұлбасы. Үстінде спорттық киім, капшошон киген сияқты.

– Жакын жердегі екінші камера қайда?

– Мектептің бұрышында. Бірақ оған тура түспеген.

– Дегенмен, бағыт белгілі. Ол Динараның үйі жағынан келе жатты.

Абылай ойға шомды. Сағат 02:34. Сөмке шығарылған уақыттан көп өтпеген кез.

– Кім бұл адам?

– Ауылдық тіркеуде жоқ. Адамдардың ішінен ешкім танымай отыр. Жүзі анық көрінбейді. Бірақ бойы шамамен 180 см.

Абылай иегімен экранға нұсқады:

– Байқадың ба? Қолында бір нәрсе ұстап келе жатыр. Анық емес, бірақ – жұқа, ұзын. Қолшамға ұқсайды.

– Не істейміз?

– Үйден үйге, есіктен есікке жүреміз. Ол осы ауылдан емес болса, кіммен байланысы барын анықтаймыз. Бір шеткі көшеде тұрған – қайын ағасы Сәбит бар еді, соған да қайта соғу керек.

Мақсат аз-кем ойланyp:

– Ол тым бейкүнә көрінді... – Қылмыскерлердің көбі алғаш бейкүнә көрінеді, Мақсат. Бізге бет-бейне емес, дерек сөйлейді.

XI ТАРАУ БЕЙКҮНӘ КӨЗҚАРАС

Сәбит – салмақты, салиқалы, сыпайы жігіт. Берікпен аталас туыс. Бірер жас үлкендігі бар, Динараға қайын аға боп келеді. Бұл жолы оны Абылай кеңсеге шақырды.

– Сәбит, сіз сол түні қайда болдыңыз?

Сәбит сәл тосылып:

– Қай түні? Жалпы, қай түні болса да, үйдемін ғой, басқа қайда болам? Әйеліммен бірге. Жұмыстан кеш келгем. Теледидар көрдік те, ұйықтадық.

– Сағат нешеде жаттыңыздар?

– Қаншада екен... он бірден аса...

– Қуәландыра аласыз ба?

– Әйелім бар ғой...

Абылай қолындағы қалта дәптерін парактап:

– Бейнебақылауда сол түні бір ер адам сөмке ұстап бара жатқан сияқты. Дене бітімі сізге ұқсайды. Спорттық киімде.

Сәбиттің жүзі қуарып кетті.

– Мен емес... Мен ештеңе білмеймін...

Абылай орнынан көтеріліп, үстелдің арғы бетінен көзін түйістірді:

– Егер сіз көмектескен болсаңыз – қазір айтуыңыз керек. Әйтпесе, бұл қылмысқа жәрдемдесу деп бағаланады. Сізді де жауапқа тартамыз.

Сәбит демін жұтып:

– Ол менен көмек сұрады... мен тек... көмектестім...

– Кім? Динара ма?

– Иә... Ол дірілдеп тұрды. Үсті-басы қан. «Маған көмектес, өтінем» деді. Қолында пышақ болды. Мен қорықтым. Не болғанын сұрауға да батпадым. Тек... сөмкені бірге шығаруға көмектестім.

Абылай қаламын жай қойып:

– Сіз онымен бірге болғансыз. Демек, жалған куәлік бердіңіз. Тергеуге кедергі жасадыңыз. Бұл – бөлек бап.

– Ол менің келінім ғой енді... бауырымның жан-жары. Бәрі оның иығына артылды.

Абылай көзін тайдырмады:

– Бұл іс әлі жабылған жоқ. Бәрін қайта қарауға тура келеді. Қазірше сізге қозғалыс шектеуі қойылады. Қаладан ешқайда кетпеңіз.

XII ТАРАУ ҚАРБЫЗ ДӘМІ

Абылай кабинетке оралғанда, көз алдына сол қарбыз қайта елестеді. Үй қабырғасына сүйеніп, қарбыз кесіп отырған Динара. Қарапайым жазғы кеш. TikTok-та күлкілі видео. Қызғаныш. Айқай. Пышақ. Паника.

Сол бір бейбіт сәттің ішінде үлкен зұлмат бұғып тұрған еді. Бір қарбыздың дәмі, расымен, бір отбасының тағдырын төңкеріп жіберді...

селфи! Есіл-дертің тек әлеуметтік желі!»

Динараның көз жасы тырс-тырс тамып жатты. Абылай диктофонды тоқтатпады.

– «Егер тағы эфирге шықсаң, мен сені өлтірем! Естіп тұрсың ба?! Қарғыс атқыр желіде тағы өзіндік көрсетші – пышақтап тастаймын!»

Бір сәт үнсіздік орнады. Динараның иығы дірілдей бастады. Көзінен бір тамшы жас шықты. Бірақ ол тағы да бұрылмады.

– Бұл сенің қорқынышың. Жылдар бойы үндемей жүрген күйің. Бірақ қорқу – қылмысты жасыруға себеп емес.

Абылай үнсіз қалды. Бір сәттен кейін:

– Сен пышақтадың ба?

Динара сыбырмен:

– Ол мені өлтірмек болды. Сол күні... тағы телефонымды тартып алды. Қатты итерді. Мен құладым. Ол үстіме шықты. Аяғыммен тептім. Қолына пышақ тигенін білмей қалдым.

Абылай көзімен ишара беріп:

– Бірақ сараптама оның кеудесінде бір емес, үш пышақ жаракаты болғанын анықтады.

XIV ТАРАУ САРАПТАМА

Кешкі сағат тоғыздан асқан. Сараптама жауабы келіп түсті. Үстел үстінде ашық жатқан құжаттар арасында сонғысы селт еткізді.

«Пышақ іздері – бір бағытта. Терендік пен бұрыштары бір адамның әрекеті. Қолданылған пышақ – ас үй құралы. Пышақтағы саусак ізі Динараға тиесілі. Ауыз қуысынан шыққан сілекей құрамында – қорқыныш гормоны жоғары. Марқұм жанталасқан».

Абылай бұл парақты баяу бүктеп, іс материалдарына қыстырды. Барлығы орнына келді. Бірақ шындық – ешқашан жеңіл болмайтын.

XV ТАРАУ ҮНСІЗ ҮКІМ

Сот процесі шілденің соңғы аптасында өтті. Күннің ысы лебі сыртта қанша лапылдап тұрса, сот залында дәл сондай ауыр үнсіздік орнаған. Бәрі тыныш тыңдады. Прокурор айғақтарды – пышақ, қан іздері, сараптама, диктофон жазбасы – бірінен соң бірін тізіп шықты. Айып нақты еді.

ҚАРБЫЗ ДӘМІ



XIII ТАРАУ TikTok...

Сәбиттің мойындауы – істі төңкеріп жіберді. Ол Динараны қайтадан шақыртты. Тергеу бөлмесіне келген әйелдің жүзі бұрынғысынан да суық, тастай қатты еді. Көзінде қорқыныш емес – көндіккен үнсіздік бар. Бірақ Абылай бұл үнсіздіктің астарында ашылмаған шындық жатқанын сезді.

– Динара, біз бәрін білеміз. Сәбит көмектескенін мойындады. Сен оған өтірік айтуға мәжбүр еткенсің. Неге?

Динара жауап қатпады. Басын бұрып, терезе жаққа көз тастады. Абылай үнсіз қалды. Сосын қалтасынан бір кішкентай диктофон шығарып, үстелге қойды.

– Бұл – сенің күйеуің Беріктің телефонындағы дыбыс жазбалардың бірі. Сараптама кезінде қалпына келтірілді.

Ол play батырмасын басты. Кішкентай бөлмеде үн қатты жаңғырды:

– «Көзімді аштырма! Әйел емесің сен! Қолыңнан дым келмейді! Үй сыпырсаң, TikTok! Тамақ істесең,

Динара бұрылып, Абылайға тура қарады. Көзінде – үміт пен үмітсіздік арасындағы шарасыз шындық тұр.

– Мен... тоқтата алмадым. Бірінші рет кіргенде ол жылай бастады. Бірақ мен тоқтай алмадым... Қорқынышым жылдар бойы ішімде тұншыққан ашуға айналды.

– Ал денені бөлшектеу?

– Ол өліп жатты. Мен... өзімді жоғалтып алдым. Далаға шығарып тастасам – біреу көреді. Өзіме қол салайын деп едім... оған қолым бармады.

Абылай орнынан баяу тұрды. Тергеу бөлмесі іші қапырық. Ауыр. Далада шілде қапырық. Ішінде ашу емес – тек бір терен шаршау тұрды.

– Осыдан кейін сен бәрін Сәбитке аударғың келді ме?

– Жок... Ол өзі көмектесті. Мен жалындым. Алайда мен өзімді ғана емес, енді оны да сорлағтым ғой.

Абылай терең күрсінді.

– Шындықтың қабығын аршу – кейде қарбыз жарғаннан ауыр. Бір шетінен кессең, дәм шығады. Бір шетінен кессең, шірік. Бірақ оның ішінде не жатқанын жармасаң, біле алмайсың.

Қорғаушы сөзінде Динараның жылдар бойы қорлықта өмір сүргенін, психологиялық тұрғыда күйзеліске ұшырағанын, өз-өзіне сенімін жоғалтқанын дәлелдеуге тырысты. Бірақ мұның бәрі бір сұрақты жеңілдет алмады:

– «Денені неге бөлшектеді?»

Абылай сөйледі. Салқын, нақты, эмоциясыз баяндады. Ол үшін бұл – іс. Бірақ залдағылар үшін – трагедия. Сөзін аяқтап, орнынан тұрған кезде, Динара көзіне жас алды. Алғаш рет Абылайға тура қарап:

– Кешіріңіз... бәрі менің әлсіздігімнен басталды...

Үкім қатты шықты.

13 жыл бас бостандығынан айыру.

Қатаң режимдегі әйелдер колониясына.

Аса қатыгездікпен жасалған кісі өлтіру бабы бойынша.

Судья үкімнің екінші бөлігін оқи бастағанда, зал сілтідей тына қалды.

– Қылмысты жасыруға көмектескені, айғақ заттарды жоюға қатысқаны үшін Сәбит Асылбековке 7 жыл бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалсын. Жалпы режимдегі түзеу колониясында.

Сәбиттің тізесі сол сәтте босап кеткендей болды. Ол дәл осылай аяқталады деп ойламаған. «Мен өлтірген жоқпын ғой» деген сөз енді ештеңе шешпейтінін кеш түсінді.

Динара басын көтерді.

Бұл жолы артқа емес, алға қарады.

– Сот анықтады, – деді судьяның дауысы бірқалыпты, – айыпталушы Динараның өтінішімен белгісіз күдікті ауыр затты тасымалдап, қылмыстың ізін жасыруға көрінеу түрде жол берген.

Бақытжан басын төмен салды. «Көрінеу» деген сөз мына қадалып қалды. – Айыпталушы адам өлтіруге қатыспаған. Алайда түнгі уақытта, иістенген, күдік тудыратын жағдайда еш тексерусіз әрекет еткен. Бұл – көре тұра көз жұму.

Залдан үн шықпады.

– Осыны ескере отырып, – деді судья, – Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес, Бақытжан Сәиденов 7 жыл мерзімге бас бостандығынан айырылады. Жалпы режимдегі түзеу мекемесінде өтеу белгіленсін.

Бақытжан бір сәтке көзін жұмды.

Жеті жыл.

Өлтірмеді.

Бірақ... жұқсалғышында екі күн тасып жүрді ғой... Сондықтан әділетті.

Үнсіз қалды. Осы үнсіздік енді оның үкіміне айналды.

Ушеуін үш бөлек алып шықты. Әрқайсысы өз үкімімен, өз ойымен, өз қорқынышымен кетіп бара жатты.

Сот залы бос қалды. Ал үкім қалды.

Бірі – аса қатыгездікпен жасалған кісі өлтіру үшін.

Екіншісі – сол қылмысты жасыруға көмектескені үшін.

Үшіншісі – көзсіз сенгені үшін...

Заң әркімге өз салмағын өлшеп берді.

Ал адам баласына ең ауыр жүк – өз арының алдында ақтала алмау.

XVII ТАРАУ

ЖАБЫЛҒАН ІС, ҚАЛҒАН ІЗ...

Келес ауданындағы сол бір қанды оқиға бірте-бірте көмескі тарта бастады. Ауыл жұрты тыншыды. Үйлерде шам қайтадан ерте сөнетін болды. Дастарқан басындағы әңгімелер басқа арнаға бұрылды. TikTok әлгі бейне-жазбаларды баяғыда-ақ жұтып қойған Жұрт жана тақырыпқа көшкен.

Тек Абылайдың жадынан бұл іс өшкен жоқ.

Өйткені бұл тергеу одан тек кәсіби шеберлікті емес, түйсік пен түсінікті, адам жанының қараңғы қалтарысын сезе білуді талап еткен еді. Ол жұмыс үстелінің жәшігін баяу жапты. Қағаздар өз орнында. Іс ресми түрде жабылған. Бірақ іштегі сауал жабылған жоқ. Абылай Шымкентке қайта шығуға дайындалды.

Көліктің алдыңғы орындығында отырғанда, Мақсат әдеттегідей қалжыңға басты:

– Айеке, енді біраз демаласыз ба?

Абылай езу тартып қойды. Бірақ жауап қатпады. Ол демалыстың бұл жұмыста болмайтынын жақсы білетін. Себебі кей істер адамды қызметтен босатса да, жадтан босатпайды.

Көлік алға жылжыды. Жол ұзын. Күн еңкейіп барады. Терезеден түскен жарық бірде жарқырап, бірде көмескіленіп тұр.

Сол сәтте Абылай бір нәрсені анық сезді:

Ақиқаттың жолы әрдайым ұзақ.

Қарбыздың дәміндей – кейде тәтті, кейде кермек.

Бірақ ішін жарып көрмесең, оның қандай екенін ешқашан біле алмайсың. Ал тергеушінің міндеті – сол қабықты жарып өту. Қандай дәм шыкса да...

Мариям ӘБСАТТАР ТҮРКІСТАН

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали 8 707 851 91 13. Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84. Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83. Атырау облысы Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80. Маңғыстау облысы Жазира Әбіл 8 702 514 54 44. Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86. Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665. Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй. Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді. Жеке таралым 6542 дана Апталық таралым 13084 дана

Тапсырыс №930 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zangazet.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қантарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8 (727) 51-78-31